

КҮМӘННАН АРЫЛУ АР МЕН ДІН САҚТАУҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти

Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын! Бүкіл әлемдердің Раббысы болған Алла Тағалаға мақтау-мадақ, Оның соңғы елшісі Мұхаммед Пайғамбарымызға Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Асыл дініміз Исламда адал, яғни, «халал» ұғымының маңызы айрықша. Өйткені хадистерде келгендей, **«халал ризық іздеу – әрбір мұсылманға парыз»**. Тіпті Алла Тағала Құран Кәрімде адамзатқа тура жол нұсқаушы елшілеріне: **«Әй, пайғамбарлар! Таза (халал) нәрселерден жеңдер және ізгі іс жасаңдар!»** деп бұйырған («Муминун» сүресі, 51-аят).

Байқасаңыз, халал нәрсе жеуді ізгі іс жасаудан бұрын айтып тұр. Себебі, Аллаға және ақырет күніне иман келтірген әрбір мұсылман ізгі

іс, қайырымды амал немесе құлшылық-ғибадаттарды орындауға құлшынып тұрады. Ал оның кәміл һәм қабыл болуы ең алдымен асқазанына түскен ас-судың адалдығына байланысты.

Бірде Сағд ибн Әбу Уаққас (Алла оған разы болсын) Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келіп өзінің тілеген тілегі әрдайым қабыл болуы үшін арнайы дұға жасауын өтініп сұрайды. Сонда Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оған: **«Асыңды адал, тазасынан же-**

сең, дұғаң қабыл болады», – деген кеңесін айтыпты (Табарани).

Халал ризық дегенде ойға алдымен жейтін асымыз, ішетін сусынымыз келер болса, оның адал болуы үшін екі шарт орындалуы тиіс. Біріншісі, жеп-ішетін тағамның құрамы таза, яғни, шариғат талаптарына сай, харам нәрселерден адал болуы керек, ал екіншісі, сол тағам алдымызға адал жолмен келген болуы қажет. Әйгілі ғұлама Әбу Ханифаның (Алла оны рақымына алсын) өзі тұратын өлкеде қой ұрланғанын естіп, бірнеше жыл қой етін жемені жайлы ғибратты оқиға есіңізде болар.

Имам Ағзам қой еті адал болса да, кісі ақысы араласқан іске ортақ болғысы келмеді. Бұл, енді тақуалықтың шыңы. Мұны Ибраһим ибн Адһам (Алла оны рақымына алсын): «Адам баласы кемелдікке тек қарнына не жібергенін бақылау арқылы ғана жетеді», – деп қуаттайды. Ризық-несібені адал жолмен табудың адамның рухани жан дүниесіне, құлшылығына да әсер ететінін ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмбетіне көптеген хадистерінде ескертіп өткен.

Мәселен, Имам Дәйләми жеткізген хадисте Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Құлшылық он нәрседен құралады. Бұл он нәрсенің тоғызы адал ризық-несібе іздеумен келеді»**, – деп айтқан. Сондай-ақ Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі



HALAL EXPO-2025 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕСІ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
20-21 ҚЫРКҮЙЕК

Таза (адал) нәрселерді жеңдер және ізгі іс жасаңдар.
Муминун сүресі, 51-аят.



болсын) бір адамның алыс сапарға шығып, алба-жұлбасы шыққан кейіпте екі қолын көкке көтеріп, Алладан дұға қылғаны жайлы жеткізе келе: **«Алайда, оның ішкен-жегені, киген киімі харам болса, дұғасы қалай қабыл болсын?»**, – дейді. Бұдан түсінетіміз, дұға жасаған адам «тілеуім қабыл болмады» деп айтуға асықпай, әуелі өзінің несібесін қалай тауып жүргеніне және ішіп-жеген асының адалдығына назар аударуы тиіс.

Бір ғұлама шәкірттеріне адал ризық жөнінде дәріс беріп жатқан сәтте: «Таңертең ұйқыдан тұрғаннан кейін маңайымдағы кісілерге қарап, кімнің адал ас, кімнің арам ас жегенін ажырата аламын», – депті. Бұған таң қалған шәкірттері: «Ұстаз, оны қалай ажыратасыз?» деп сұрағанда, ол: «Кімде-кім таң ата бос сөз, пайдасыз әңгіме айтса, әркімді сыртынан жамандап, бейәдеп сөз айта бастаса, оның бұл әрекеті арам ас жегендіктен деп түсінемін. Ал егер кімде кім таңертең тұрғаннан кейін әуелі Алла Тағаланы зікір етіп, кешірім тілеп, истиғфар айтса, оның бұл әрекеті адал ас жегендігінен. Өйткені адал да, арам да адамның күнделікті іс-әрекетіне міндетті



**Алла Тағала Құран Кәрімде
адамзатқа тура жол нұсқаушы
елшілеріне: «Әй, пайғамбарлар!
Таза (халал) нәрселерден
жеңдер және ізгі іс жасаңдар!»
деп бұйырған («Муминун»
сүресі, 51-аят).**



түрде әсер етеді», – деп жауап берген екен.

Айша анамыздың (Алла оған разы болсын): «Сендер ең абзал ғибадатқа мән бермей жүрсіндер! Ол – уарағ (харамнан сақтану)», – деп мұсылмандарды адалдықтан айнымауға, арамнан алыс болуға шақырады. Демек, шариғат тұрғысынан харам саналатын тағам мен сусыннан аулақ болу керек және адал жолмен келмеген астан да бас тарту қажет.

Қазақ халқы да астың адалдығын бастың амандығына теңеп, «Адалдың дәмі – бал, арамның дәмі – зар», «Ауру – астан» деп ризық-несібені адал жолмен табудың және ішіп-жемнің де таза, құнарлы

болуының маңызды екенін, арам жолмен келген және зиянды тағамның ауру шақыратынын меңзеген.

Ғалымдар: «Адал ас – жүрекке нұр, адамның жүзіне – сәуле, денесіне – қуат, ризығына береке әкеледі» десе, Әли ибн Әбу Талиб (Алла оған разы болсын): «Көркем мінез үш қасиетпен келеді: арамнан аулақ болу, адалды талап ету және отбасына кеңпейіл болу», – деген екен. Яғни, жоғарыда айтып өткендей, ізгі іс жасау үшін, ризығы берекелі және көркем мінезді болу үшін астың адалдығы және оның түзу жолмен, күнә мен күмән, кісі ақысы араласпай келуі маңызды. «Саған бұйырған ризықты адал жолмен тапсаң, қияметте есебін бересің, арам жолмен тапсаң, жазасын тартасың» деген сөздің де жаны бар.

Имам Бұхари және имам Мұслим жеткізген хадисте ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Халал да белгілі, харам да белгілі. Осы екеуінің арасында адамдардың көбі біле бермейтін күмәнді нәрселер бар. Кімде-кім күмәнді нәрселерден сақтанса, онда арын да, дінін де сақтаған болады»**, – деген. Яғни, қазіргі таңда халал ұғымының ел арасына кең та-

ралуы күмәнді нәрселер мен тағам құрамындағы күмәнді қоспаларға да көңіл аударуымызға ықпал етті.

Бүгінде жедел дамып жатқан саланың бірі әрі бірегейі тамақ өнер-кәсібі екені баршаға аян. Ол – тек асхана, мейрамхананың төңірегінде ғана емес, тұтас қоғам кеңістігінде маңызы зор сала. Азық-түлік ұзақ уақытқа жарамды болып, тез арада бұзылып кетпес үшін оған түрлі табиғи және химиялық қоспалар қосылатыны да белгілі. Кейбір дәрі-дәрмек, жеке гигиеналық заттарға аз мөлшерде спирт, доңыз ДНҚ-сы қосылатыны да көпке мәлім. Осындай Алла тыйым салған істерден сақтану үшін шариғат талаптарына сай «халал стандартын» енгізу жұмысы қажеттіліктен туындады. Бұл көптеген сала бойынша халал индустрияның дамуына жол ашты.

Бұрын халал десе, доңыз майы бар шұжық (колбаса), спирт қосылған тәттілер немесе дәрілер еске түссе, қазір кеңірек ойлайтын жағдайға жеттік. Ет өнімдерін таңдауда оның жұмсақтығымен қоса шариғатқа сай «биссмилләмен» сойылғанына мән беретін болдық. Ал өнімнің адалдығына, шариғи талапқа сай болуына кепілдік беретін «QMDB Halal» сертификаты бүгінде Қазақстан мұсылман-

дарының сенімін ақтап, аманатын арқалап отыр.

Мүфтият жанынан 2014 жылы ашылған «Халал Даму» стандарттау және сертификаттау мекемесі қазірдің өзінде 2000-нан астам кәсіпорынды сертификаттады. Олардың қатарында еліміздің және көрші мемлекеттердің кәсіпорындары бар. 2021 жылдан бастап халал өнімдердің халықаралық «Halal EXPO» көрмесі елімізде дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Шымкент қаласында алғаш рет өткен көрме 2022 жылы Астанада жалғасып, Алматыда екі рет және Тараз қаласында ұйымдастырылды.

Бұл көрме – кәсіпкерлердің, ғалымдардың, технологтар мен тұтынушылардың басын қосып, тәжірибе бөлісуге, жаңа серіктестік орнатуға және адал өнімдер нарығын кеңейтуге жол ашатын маңызды алаң. Осылайша Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы халал саласының да дамуына, сапалы әрі сенімді өнімдерге деген сұраныстың артуына үнемі үлес қосып келеді. Өйткені халықтың күнделікті тұтынып жүрген асының адал болуына шариғат тұрғысынан бағдар беру – аса маңызды іс.

Дүкен сөрелеріндегі неше түрлі тағамдарға құрамындағы кейбір заттарды еріту және ұзақ мерзімге

сақтау мақсатында спирт қосылатынын жақсы білеміз. Спирттің қандай да бір түрі тағамға қоспа ретінде қосылса, алайда құрамы өзгермесе, шариғи тұрғыдан ондай тағамды тұтынуға рұқсат етілмейді. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Мас ететін ішімдіктің азы да, көбі де – харам»** (Термизи), – деп айтқан. Ал тағам құрамындағы спирт қосындысы өзгеріске ұшыраған-ұшырамағанын тек технологтар зертханада арнайы тексеру арқылы анықтай алады.

Бұл тұрғыда түрлі бояғыштар және басқа да қоспалардың шариғат талаптарына сай болуын «Халал Даму» мекемесінің технолог мамандары тексеріп, нақты көз жеткізгеннен кейін ғана оларға «QMDB Halal» сертификаты беріледі. Жоғарыда айтып өткеніміздей, ел мұсылмандары тұтынып жүрген тағамының адалдығына осы сертификат негіз бола алады. Сайып келгенде, халал сертификаты – мұсылман қауымның сенімі мен аманатын арқалаған, тағам өндірісіндегі кәсіпорын қызметкерлері мен өнім құрамын зерттейтін мамандардың жауапкершілігіндегі маңызды құжат.

Алла Тағала баршамызға астың адалдығын, бастың амандығын берсін. Әмин!



BANK

ШАРИҒАТҚА НЕГІЗДЕЛГЕН БАНК ЖҮЙЕСІ

Исламдық банк – шариғаттың қағидалары мен талаптарына негізделген қаржы жүйесі. Бұл жүйе экономикалық пайданы көздеумен қатар, адамзаттың материалдық және рухани әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Ислам банктерінің негізгі ерекшеліктері төмендегідей:

– **Пайыз (өсім) алуға қатаң тыйым салу.** Ислам банктері клиенттерге несие беріп, одан өсім талап етпейді. Өйткені шариғатта өсімге тыйым салынған. Алла Тағала Құранда: «**Алла Тағала сауда-саттықты адал, ал, өсімқорлықты арам етті**», – деді («Бақара» сүресі, 275-аят). Сондықтан Ислам банктерінің функциялары өсімге негізделмейді, нақты тауар, мүлік немесе қызмет көрсету арқылы пайда табуға ұмтылады.

– **Харам (тыйым салынған) салаларға инвестиция жасамау.** Ислам банктері шариғатқа қайшы салаларға қаржы салмайды. Мысалы, алкоголь өндірісі, құмар ойындар (казино, лотерея), шошқа өнімдері сияқты тыйым салынған салаларға қаржы құймайды.

– **Қаржылық әділдік пен ашықтық.** Исламдық қаржы мәмілелері толық ашық болуы тиіс. Алдау, белгісіздік (ғарар) немесе құмар ойын (майсир) элементтері бар келісімдерге тыйым салынады.

– **Серіктестікке негізделген табыс және тәуекелді бөлісу.** Исламдық банк жүйесінде банк пен клиент

өзара серіктес ретінде қарастырылады. Табыс болса, екі жақ пайдасын бөліседі, ал шығын болса, оны да бірлесіп көтереді. Бұл қарым-қатынас әділет пен өзара сенімге негізделеді.

– **Шариғат кеңесінің бақылауы.** Әрбір Ислам банкі жанынан құрылған Шариғат кеңесі банк қызметінің дін талаптарына толық сай болуын қадағалайды. Исламдық банк жүйесінің қаржылық операциялары Ислам шариғатында бекітілген сауда-саттық және алыс-беріс қағидаларына негізделеді.

Ал дәстүрлі банк жүйесінде несие беріп, пайызбен қайтаруды талап етеді. Қаржыландыру бағыттары шектеусіз. Заң рұқсат еткен кез келген салаға инвестиция жасай алады. Тәуекел тек клиент мойнында. Көп жағдайда банк тек пайда табады, ал шығын немесе тәуекелді клиент көтереді.

Исламдық қаржы жүйесіндегі негізгі келісімшарт түрлері:

1 Мурабаха (тауарды үстемемен сату). Мурабаха – Ислам банктерінде ең көп қолданылатын қаржыландыру түрі. Бұл келісімде банк клиенттің сұрауы бойынша нақты тауарды сатып алып, оған баға

қосып қайта сатады. Клиент тауар құнын бөліп төлеуге мүмкіндік алады. Бұл үстеме пайыз емес, тауар құнына қосылған қосымша баға болып саналады. Мурабаха – шариғат талаптарына сай болуы үшін банк тауарды нақты иемденуі әрі клиентке тауарды сатқан болуы керек.

2 Иджара (лизинг немесе жалға беру). Банк белгілі бір мүлікті (мысалы, үй немесе техника) сатып алып, оны клиентке белгілі мерзімге, белгілі ақыға жалға береді. Жалға алу мерзімі аяқталған соң, клиент жаңа келісіммен мүлікті сатып алу құқығына ие болады.

3 Мудараба. Бұл келісімде бір тарап (инвестор) қаржыны салып, екінші тарап (банк) оны басқарады. Пайда алдын ала келісілген үлеспен бөлінеді. Тәуекел жағдайында егер банк өз ісіне жауапкершілікпен қарап, қателік жасамаған болса, онда шығынды капитал иесі ғана көтереді. Сонымен қатар, Ислам банкі белгілі жобаны қаржыландырып, екінші тарап мудараба келісімшарты негізінде келісімді жүзеге асыра алады.

4 Мушарака (серіктестік). Банк пен клиент ортақ бизнеске немесе жобаға капитал салып, бірге жұмыс бастайды. Пайда мен шығын екі жақтың келісіміне сәйкес бөлінеді. Мушарака мутанақиса серіктестігінде – банк жобаның бір бөлігін иеленіп тұрады да, уақыт өте клиент сол үлесті бөліп төлеу арқылы сатып алып, толық иелік етеді.

5 Истисна (тапсырыспен өндіру). Бұл келісім өндірістік немесе құрылыс жобаларын қаржыландыруға арналған. Ислам банкі өндірушіге немесе құрылысшыға белгілі жобаны (мысалы, ғимарат, зауыт салу) тапсырып, қаржыландырады. Банк жобаның сипаттамаларын нақтылайды (мысалы: қабат

саны, әрлеу сапасы, орналасуы). Жоба аяқталған соң, банк оны сатады немесе жалға беру арқылы меншіктендіру шартымен жалға береді, сөйтіп табыс табады.

6 Салам (алдын ала төлеммен сатып алу). Клиент болашақта жеткізілетін тауар үшін ақыны алдын ала төлейді. Ислам банкі клиентке (мысалы, фермерге немесе кәсіпкерге) болашақ өнімді сатып алу мақсатында қаржы береді. Тауар келісілген мерзімде банкке жеткізіледі. Бұл тәсіл ауыл шаруашылығы өнімдері, өндірістік тауарлар және құрылыс материалдары саласында кең қолданылады.



Ислам банктері клиенттерге несие беріп, одан өсім талап етпейді.

Өйткені шариғатта өсімге тыйым салынған. Алла Тағала Құранда:

«Алла Тағала сауда-саттықты адал, ал, өсімқорлықты арам етті», – деді («Бақара» сүресі, 275-аят).

Сондықтан ислам банктерінің функциялары өсімге негізделмейді, нақты тауар, мүлік немесе қызмет көрсету арқылы пайда табуға ұмтылады.



Қорыта айтқанда, исламдық банк – шариғат талаптарына сай, әділдік пен сенімге негізделген қаржы жүйесі. Бұл жүйеде пайыз алуға тыйым салынғандықтан, қаржылық операциялар нақты тауар мен қызметке сүйеніп жүзеге асады, нәтижесінде экономикалық әділеттілік пен тұрақтылық қамтамасыз етіледі. Ислам банктері моральдық және рухани құндылықтарды ескере отырып, харам салаларға инвестиция жасамайды және табыс пен тәуекелді клиентпен бірлесе бөліседі. Бұл қаржылық жауапкершілікті арттырып, өзара сенімді нығайтады.

Мурабаха, иджара, мушарака, мудараба, истисна және салам секілді келісімшарттар арқылы экономиканың түрлі салалары тиімді қаржыландырылады. Осылайша, исламдық банк жүйесі тек табыс көзі ғана емес, сонымен қатар қоғамның этикалық және әлеуметтік дамуына үлес қосатын жүйе ретінде маңызды рөл атқарады.

Медет ҚҰРМАШҰЛЫ



АДАЛ АС ЖӘНЕ ҚҰЛШЫЛЫҚ

Адам өмірінің мәні тек материалдық игіліктерде емес, рухани кемелдікте жатыр. Сол рухани жетілудің басты тіректерінің бірі – адал ас пен шынайы құлшылық. Бұл екеуі – бір-бірінен ажырамас, жүрек тазалығы мен тән саулығына тікелей әсер ететін құндылықтар.

Адал ас – адамның тәнін қоректендірсе, құлшылық – жанның азығы. Егер адам адал ризықпен тамақтанып, шынайы ниетпен құлшылық етсе, ол өмірі берекелі болады, жүрегі шаттыққа, көңілі қуанышқа бөленеді. Алла Тағала адамзатқа сансыз нығмет берді. Соның ішінде ең үлкен ризықтардың бірі – адал ас. Адал ас тек қарын тойдыру үшін емес, жүректі тазартатын, құлшылықты нұрландыратын асыл қазына. Адал ас деген не? Адал ас – шариғат шеңберінде рұқсат етілген, таза жолмен табылған және ішіп-жеуге жарамды ризық. Бұл ұғым тек тамақтың халал болуы ғана емес, табыс табу жолының да әділетті, адал болуын қамтиды.

Алла Тағала Құран Кәрімде: **«Әй, адамдар! Жер бетіндегі нәрселердің халал әрі тазасын жеңдер!»,** –

деп бұйырған («Бақара сүресі», 168-аят). Бұл аяттан түсінеріміз, бізге берілген тағамдардың бәрі емес, тек адалы – береке мен саулықтың кілті.

Құлшылық – жан азығы

Құлшылық – адамның Жаратушыға деген мойынсұнуы, шүкіршілігі және рухани байланысының көрінісі. Намаз, ораза, зекет, қажылық сынды негізгі ғибадаттар – адамның жүрегін тазартып, Жаратушысына жақындауына жол ашады. Бірақ құлшылықтың шынайы қабыл болуы тек сыртқы әрекетке емес, ішкі ниет пен дайындыққа байланысты. Ал адал ас – сол рухани дайындықтың бір бөлігі. Абай атамыз:

«Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде.
Адал бол – бай тап,
Адам бол – мал тап,

Қуансаң қуан сол кезде», – деп, мал табу, баю адалдықпен іске асқанда ғана қуануға шақырады. Яғни, күнделікті жеп жүрген ас-суымыздың адал болуымен қатар, оның келу жолына да күмән мен күнә, қулық пен кісі ақысы араласпауы тиіс. Сауда-саттықпен айналысатын адам тұтынушының алдында әділ болып, таразыдан жемеуі, бай адам кедейге, мансабы бар адам жетім-жесірге үстемдік қылып, кісі ақысын жемеуі керек. Жең ұшынан жалғасқан жемқорлық пен парақорлық, ғасыр дертіне айналған құмар ойын, түрлі лотерея арқылы пайда табу да адамның адалдығына нұқсан. Мұның бәрі мұсылманның иманын әлсіретіп, жақсылық пен құлшылықтан тыяды.

Бағзы заманда кемемен қажылыққа бара жатқан бір кісінің қаржысы салынған қоржынын сонда жүрген маймыл алып қашыпты. Әлгі кісі жанын салып маймылдың артынан қанша қуса да ұстай алмайды. Бір кезде әлгі маймыл кеме желкенінің ең төбесіне шығып, қоржынды ашып, ішіндегі бір дирхамды теңізге, біреуін жаңағы кісінің өзіне лақтырып, ақша таусылғанша ойына келгенін істепті. Ақшасының жартысы ғана қалған әлгі адам кемедегі бір данышпан ғалымға барып, болған мән-жайды баяндап, қажылықтан кері қайтуға ақша жетпейтінін айтады. Сонда ғалым: «Сіз

қандай кәсіппен айналысасыз?» – деп сұрайды. Әлгі кісі: «Сүт сатамын», – деп жауап береді. Ғалым: «Демек, сүт сатқан кезде оған су қосатын болып тұрсыз ғой. Бұл маймыл су қосып тапқан ақшаңыз суға ағызса, адал тапқаныңыз өзіңізде қалған екен», – депті.

Адал ас пен құлшылықтың байланысы

Адал ас – құлшылықтың сапасына әсер етеді. Шынайы оқылған намаз, ықыласпен айтылған дұға, жүрекпен орындалған ғибадат – тек адал ризықпен қоректенген адамның бойында тұрақтайды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің хадисінде: **«Адамның бойына түскен әрбір харам нәрсе – тозаққа лайық»** – деген. Яғни, харам астың кесірі тек денеде емес, иманда да із қалдырады. Адам күнделікті өмірінде адал еңбек етіп табыс тапса, таза, халал ас ішсе, өзінің және отбасының ризық-несібесіне мән берсе, онда оның жасаған құлшылығы берекелі болады. Кейбір данышпандар «Құлшылықтың кілті – адал ас» деген. Себебі харам ас жүректі қарайтады, рухты әлсіретеді. Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы да мұны жақсы түсініп, ойын төмендегі өлең жолдары арқылы жеткізген:

«Халалға ойламайды шыдайын деп,
Арамның түбі болар уайым деп.
Күнде жау боп, күрілдеп, жұлысады,
Тек отырған бір жан жоқ «Құдайым» деп.



*Байладым белді бекем бұайын деп,
Жүректі адалдықпен жуайын деп».*

Адал жолмен келген ас отбасыға амандық, жүрекке нұр, қоғамға тыныштық әкеледі. Керісінше, арам ас отбасының берекесіздігіне, жүректің қаттылығына қоғамның әділетсіздігіне алып келеді.

Дұғаның қабыл болуы

Исламда адамның денесіне енетін әрбір нәрсе маңызды. Егер адам харам ас жесе немесе адал емес жолмен табылған табыспен қоректенсе, ол оның жүрегіне, мінезіне, тіпті дұғасының қабыл болуына әсер етеді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің хадисінде: **«Адам ұзақ сапар шегіп, Аллаға қол жайып дұға етеді. Бірақ оның жейтін асы – харам, ішетін сусыны – харам, киген киімі – харам. Ондай адамның дұғасы қалай қабыл болсын?»**, – дейді (Мүслим риуаяты).

Бұл хадис адал астың тек тәнге емес, рухани өмірге де зор әсері бар екенін айқындайды.

Ғұламалар: «Харам ас ішкен адамның дұғасы қабыл болмайды», – деген. Өйткені харам ас жүректі қарайтады. Дұға – жүректің үні. Жүрек қарайса, адамның үні Жаратушыға жетпей қалады.

Бүгінгі күннің сынағы

Адамдардың бүгінде кәсіптің және алдындағы асының адалдығына мән беруі аса маңызды. Қазір дүкен сөрелерінде түрлі қоспасы бар тағамдар, күмәнді

өнімдер көбейді. Мұсылман кісі астың адалдығына, қазіргі уақытта тұтынатын тағамның «халал» белгісіне мән беруі керек. Астың қайдан келгенін сұрау, тексеру – ол күмәншілдік емес, иманның тазалығы. Ғұлама имам Ағзам Әбу Ханифаның (Алла оны рақымына алсын) заманында Куфа шаһарында бір кісінің қойы жоғалады. Осыны естіген имам жеті жыл бойы қой етін жемегені жайлы ғибратты оқиға бар. Мұның мәнісін сұрағандарға имам Ағзам: «Ұрланған қойдың етін жеу – харам. Сол үшін оның етін байқамай жеп қойып жүрмейін дедім. Бір қойдың орташа өмірін осылай есептедім», – деп жауап берген екен. Бір қызығы, осыншалық уақыт ішінде ғұлама балықты да жемеген

екен. Өйткені адамдардың бір қойды сойып, етін алып, ішек-қарынын өзенге ағызып жібергенін көрген деседі.

Тіршілігін құлшылыққа айналдыра білген Ислам ғұламасының бұл қарекеті бәрімізге үлгі, айтуға жеңіл болғанымен, атқаруға қиын іс.

Қорыта айтқанда, адал ас пен құлшылық – адамның өмірінде үйлесім табуы тиіс екі негізгі тірек. Бірі – тәннің, екіншісі – жанның азығы. Адалдыққа негізделген өмір мен шынайы құлшылық – пендені Алланың разылығына жеткізетін

жол. Бүгінгі қоғамда адалдықтың, шынайылықтың қадірі қашып жатқан шақта әрбір адам адал асқа, адал кәсіпке, шынайы құлшылыққа ұмтылуы тиіс. Сонда ғана қоғамымыз асыл құндылықтарды басшылыққа алатын, рухани кемелденген ортаға айналады. Адал ас – тән мен жанға қуат. Берекелі дастарқанның сыры – адал еңбек пен таза ризықта.

Дастан ЖЕЛЕУОВ,
РАНТ мүшесі



ХАЛАЛ ТУРИЗМ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Адамзат баласы жер жүзін аралап, әлемнің әсемдігін тамашалап, жаңа өркениеттермен танысуды бұрыннан қалаған. Себебі, пенде табиғатынан ізденгіш, жаратылысты тануға құмар. Тарихқа көз жүгіртсек, ұлы ойшылдар мен саяхатшылар ел аралап, көрген-білгенін жазып қалдырумен елдің дамуына үлес қосты. Бұл олардың ғылым мен руханияттағы өрісін кеңейтіп, терең білімнің иесі атануға себеп болды.

Демек, Жаратушының ұлы кереметтеріне ой жүгіртіп, ғаламның түрлі жерлеріне табан тіреу – ең алдымен таным көкжиегімізді кеңейтеді. Сондай-ақ, жаңа аймақты, өзге халықтың тұрмыс-тіршілігін көру, ерекшелігін сезіну адамның дүниетанымын байытады. Мысалы, қазақ даласында өскен жас жігіт Түркияның көне қалаларын, тарихи мешіттерін немесе Анадолы табиғатын көргенде өзі оқыған, естіген дүниесін көзбен көреді. Бұл білімін тереңдетіп, ойды бекітеді. Сол секілді саяхат жасау тек көңіл көтеру емес, рухани серпіліс. Табиғаттың әсемдігіне тамсану, тарихи орындарды көру, мәдени мұрамен танысу адам бойында туған жерге деген сүйіспеншілікті күшейтіп, жалпы адамзатқа ортақ құндылықтарға құрмет қалыптастырады. Хәкім Абайдың «Саяхат жасап, адам тану – ақылдың көркі» деуі осыдан.

Дүниені шарлаудағы ең ұлы хикметтердің бірі – жаңа адамдармен танысу арқылы олардың тұрмыс-тіршілігін көріп, көкжиегің кеңейеді. Әсіресе балалар мен жастарға басқа өлкені көру – тіл үйренуге, жаңа дағдыларға жетелейтін тамаша мүмкіндік. Сондай-ақ

өскелең ұрпақтың елге мен жерге деген сүйіспеншілігін күшейтеді. Әлемді таныған бала өзінің кім екенін, қайдан шыққанын тереңірек сезінеді. Саяхат кезіндегі әрбір әрекет бала үшін өмірлік сабақ, білім мен тәрбие, тәжірибе мен таным мектебі. Сондықтан әр адам мүмкіндігіне қарай жаңа жерді көріп, танып-білуге ұмтылуы қажет. «Жер шарлаған көзі ашық, ел аралаған көңілі ашық» деген нақыл да осыны меңзейді.

Десе де, өзін мұсылман үмбеті ретінде санайтын әрбір адамға саяхат жасау барысында ескеретін жайттарды жадымызда ұстаған жөн. Ең әуелі, мұсылман жүрегі қай сапарда да Алланың разылығын іздейді. Сол себепті соңғы жылдары дүниежүзінде «халал туризм» деген жаңа ұғым қалыптасты. Бұл – жай ғана демалыс емес, рухани тыныштық пен адалдыққа негізделген саяхат мәдениеті. Мұсылман баласы саяхатта жүрсе де адал жолдан айнымай, ризығын таза нәрседен іздеу парыз. Себебі, қасиетті Құранда Алла Тағала: **«Әй, адамдар! Жер бетіндегі халал әрі таза нәрселерден жеңдер»** («Бақара» сүресі, 168-аят) – деп әмір етеді.

Демек, Жаратушы Иеміз ескерткен әмірді естен шығармай халал туризмнің айрықша белгілерін әрдайым назарда ұстау қажет. Олар:

- Ас – адал, дастархан ішімдіксіз болады;
- Қонақүй бөлмесінде құбыла бағыты көрсетіледі, қасиетті Құран әр бөлмеде бар;
- намаз оқуға арнайы орын бөлінеді;
- ер мен әйелге бөлек-бөлек жағажай мен бассейндер жұмыс істейді;
- қызметкерлердің киімі де, мінезі де шариғат талаптарына сай болуы деген секілді т.б шарттардың сақталуы тиіс. Өйткені, Пайғамбарымыз хадисінде: **«Адал айқын, арам да айқын. Ал екеуінің арасында күмәнді нәрселер бар. Кім күмәндіден сақтанса, дінін де, арын да қорғаған болады»** (Бұхари, Мұслим) деп үмбетін тазалыққа үгіттеген. Сондай-ақ, бұл хадис мұсылман баласының демалысы да дін шеңберінен шықпай, ар-намысын сақтайтын ортада өтуі керектігін меңзейді.

Соңғы жылдары дүние жүзінде халал туризм саласы қарқынды дамып, әлем назарын аударуда. Оның көш басында – Біріккен Араб Әмірліктері тұр. Себебі, мұнда шариғат талаптарына сай қызмет көрсету сапасы, мұсылман туристердің көптігі және ақпараттық жұмыстардың жүйелілігі басты өлшем болды. Келесі орындарда – Түркия мен Малайзия. Одан өзге жалпы исламдық туризм индексіне – Индонезия алға шықты. Аталған саланы жіті бақылаушы сарапшы мамандардың айтуынша, алдағы жылдары мұсылман

Ең әуелі, мұсылман жүрегі қай сапарда да Алланың разылығын іздейді. Сол себепті соңғы жылдары дүниежүзінде «халал туризм» деген жаңа ұғым қалыптасты. Бұл – жай ғана демалыс емес, рухани тыныштық пен адалдыққа негізделген саяхат мәдениеті. Мұсылман баласы саяхатта жүрсе де адал жолдан айнымай, ризығын таза нәрседен іздеу парыз.

туризм нарығы трилион долларға жетпек. Бұл – халал туризмнің жай ғана үрдіс емес, болашақтың үлкен индустриясы екенін дәлелдейді. Халал туризм – қоғамға тәртіп пен тазалықты үлгісі қандай болу керектігін паш етіп келеді. Ендеше, халал туризм саласын насихаттап, оны іс жүзінде жүзеге асыру бізге не береді? Соған тоқталып өтейік:

Біріншіден, рухани тәрбие көзі дәріптеліп, сапардың құлшылық етуге зияны жоқ екенін айтылады. Ол туралы Абай хәкім :

«Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек,
Бой жеңбек, ер жігітке, ғақыл таппақ.

Тағдырын көрушінің Хақтан біліп,
Көшелі өнер иесін жүрсе жақтап», –деп әуелден жырлап, жер жүзін сапарлаудың хикметін түсіндірген.

Екіншіден, отбасының бірлігін күшейтеді. Саяхатта жүргенде отбасы мүшелері бір-біріне көбірек көңіл бөліп, сөйлеседі, сырласады.

Үшіншіден, Ислам өркениетін өзгелерге танытуға керемет мүмкіндік туады.

Төртіншіден, экономикаға серпін береді. Жаңа жұмыс орындары пайда болып, қазынаға қаржы құйылады.

Халал туризм – сән үшін пайда болған ұғым емес. Бұл – тақуалықтың, адалдықтың, рухани жолы. Ендеше, мұсылман үшін халал туризм – тек демалыс емес, сауапқа толы саяхат, жаныңды жадырататын ұмытылмас сапар десек болады.

Серікхан АХМАДИЕВ,
РАНТ мүшесі

ХАЛАЛ КОСМЕТИКА МЕН ФАРМАЦЕВТИКА

Соңғы жылдары әлемдік сұлулық және фармацевтика индустриясы тұтынушының этикалық, экологиялық және діни талаптарына бейімделе отырып, жаңа бағыттарға бет бұрды. Соның бірі – халал өнімдер нарығы. Бүгінгі таңда халал стандарты тек тағам саласында ғана емес, күнделікті тұрмыста қолданылатын әрбір өнімге, соның ішінде косметика мен дәрі-дәрмекке де тікелей қатысты маңызды өлшемге айналды.

Халал ұғымы жай ғана «адал» немесе «рұқсат етілген» деген түсінік емес. Ол – тұтынушының сенімін, өндірушінің жауапкершілігін және қоғамның рухани тазалығын біріктіретін кешенді жүйе. Халал косметика мен фармацевтика саласының дамуы мұсылман тұтынушылардың діни сенімін сақтауымен қатар, жалпы адамзатқа пайдалы, қауіпсіз және сапалы өнім ұсынуға бағытталған.

Халал косметика – шариғат талаптарына сай, тыйым салынған (харам) заттар мен процестерден ада өнім. Оның құрамында доңыз текті майлар, қан, өлекседен алынған заттар және мас ететін этанол түрлері болмауға тиіс. Сонымен қатар, халал косметика

құрамындағы әрбір компоненттің шығу тегі анық және құжаттық түрде расталуы қажет.

Косметика өндірісінде жиі қолданылатын глицерин, стеараттар, кармин (E120) және мускус сияқты компоненттердің көбі жануар тектес болуы мүмкін. Сондықтан олардың әрқайсысы халал жолмен алынғаны арнайы құжаттар мен зертханалық талдаулар арқылы дәлелденуі тиіс. Өнімнің халалдығы шикізат көзінен бастап, өндірістік және логистикалық кезеңге дейінгі барлық процесте қамтамасыз етіледі.

Мұндай бақылау жүйесі халықаралық ISO 22716:2007 (GMP) стандартымен үйлестіріліп, оған қосымша шариғи талаптар енгізіледі. Бұл талаптар

тек дінге емес, адам денсаулығы мен экологиялық қауіпсіздікке де бағытталған. Мысалы, халал косметикада табиғи және органикалық ингредиенттер көбірек пайдаланылады. Мұндай өнімдер теріге, шашқа және ағзаға зиянсыз, аллергия тудырмайтын қасиеттерімен ерекшеленеді.

Бүгінде халал косметика нарығы әлем бойынша қарқынды дамуда. Зерттеулерге сәйкес, мұсылман елдерінен тыс мемлекеттерде де халал таңбасы бар өнімдерге сұраныс артқан. Өйткені ол таза, қауіпсіз және сенімді деген ұғыммен тығыз байланысты. Бұл тұтынушы мәдениетінің де, өндіруші этикасының да жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетеді.

Фармацевтика саласындағы халал талаптар одан да қатаң сақталуы тиіс, себебі дәрі – адам өмірі мен денсаулығына тікелей әсер ететін құрал. Сондықтан әрбір капсула, сироп, май немесе инъекция құрамы мен өндірістік процесі мұқият тексеріледі.

Малайзияда қабылданған MS 2424:2019 Halal Pharmaceuticals – General Guidelines және PIC/S GMP нұсқаулығында өндірістік аймақтарды бөлу, дезинфекция, құрал-жабдықты калибрлеу, шикізатты бақылау сияқты нақты талаптар белгіленген. Мысалы, капсулаларда қолданылатын желатин міндетті түрде халал жануардан алынуы қажет. Егер мұндай дәлел жоқ болса, өсімдік текті HPMC (Hydroxypropyl Methylcellulose) баламалары қолданылады.

Этанол мәселесіне келсек, фикһ ғалымдары оның қолданылуына қатысты әртүрлі пікір айтқан. Дегенмен, егер ол технологиялық қажеттілік мақсатында және өте төмен қалдық деңгейінде пайдаланылса, «зарурат» қағидаты негізінде рұқсат етілуі мүмкін. Бұл – Ислам құқық ғылымының адам өмірін сақтап қалуды ең жоғары құндылық деп тануының көрінісі.

Зертханалық талдаулар да – халал фармацевтиканың маңызды бөлігі. ДНҚ анализі жануар текті контаминацияны анықтауға, GC-MS (газды хроматография-масс-спектрометрия) этанол қалдығын өлшеуге, ал FTIR/NMR майлар мен эмульгаторлардың табиғи тегін анықтауға мүмкіндік береді. Алайда, бұл әдістер жеке өзі шешуші дәлел бола алмайды, олар құжаттық база, өндірістік бақылау және аудит нәтижелерімен қатар қарастырылуы керек.

Халал косметика мен фармацевтика – заманауи ғылым мен діннің үйлесімді тоғысуының айқын

көрінісі. Бұл ұғым тек өнімнің адалдығын емес, адамның дене және рухани саулығын да қамтиды. Халал қағидаттарына негізделген өндіріс – тұтынушы сенімін арттырып, қоғамның этикалық мәдениетін қалыптастыратын маңызды бағыт.

Халал өндіріс – сапа, тазалық және әділдік ұғымдарын біріктіретін рухани мәдениет. Мұнда әрбір өнімнің артында өндірушінің адалдығы мен жауапкершілігі жатыр. Сондықтан халал индустриясы тек діни талаптарды орындау емес, ол – әлеуметтік жауапкершілік пен тұтынушы алдындағы сенім кепілі.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты «Халал Даму» ЖШС осы бағытта үлкен жүйелі жұмыстар атқарып келеді. Мекеме халықаралық талаптарға сай халал сертификаттау жүйесін дамытуда, косметика және фармацевтика саласында кешенді зерттеу, аудит және сапаны бақылау тетіктерін енгізіп отыр. Қазіргі таңда бірқатар ірі отандық кәсіпорындар

«Халал Даму» сараптамасынан өтіп, өз өнімдерінің халал талаптарына толық сәйкес екенін дәлелдеді. Бұл – тек техникалық жетістік емес, сонымен қатар елдің рухани беделі мен тұтынушының сенімін нығайтқан маңызды қадам. «Халал Даму» мамандары шикізаттан бастап соңғы орамаға дейінгі әрбір кезеңді тексеріп, халал принциптерінің сақталуын тұрақты бақылауда ұстайды.

Сонымен қатар, мекеме халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, зертханалық база мен кадр даярлау жүйесін жетілдіруде. Халал

индустрия мамандары арнайы оқыту курстарынан өтіп, шарифат пен технологияны қатар меңгерген сарапшы деңгейінде дайындалады.

Осылайша, халал индустриясы – ғылым, технология және иман бірлігін ұштастыратын заманауи өркениет құндылығы. Ол адамның сұлулығы мен саулығын қамдап қана қоймай, қоғамның рухани тазалығына да үлес қосады. Халал косметика мен фармацевтика саласының дамуы – ұлт денсаулығын, тұтынушы сенімін және өндіруші мәдениетін жаңа деңгейге көтеретін маңызды қадам.

Болашақта бұл сала еліміздің экономикасы мен халықаралық имиджін нығайтып, Қазақстанды халал индустриясының сенімді орталығына айналдыруға өз үлесін қосары сөзсіз.

Жанат АХМЕТҚЫЗЫ,

ҚМДБ «Халал Даму» мекемесінің технологы

Косметика өндірісінде жиі қолданылатын глицерин, стеараттар, кармин (Е120) және мускус сияқты компоненттердің көбі жануар тектес болуы мүмкін. Сондықтан олардың әрқайсысы халал жолмен алынғаны арнайы құжаттар мен зертханалық талдаулар арқылы дәлелденуі тиіс.



ХАЛАЛ ИНДУСТРИЯСЫ: ЖАҒАНДЫҚ ТРЕНДТЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Соңғы жиырма жыл ішінде халал индустриясы әлемдік экономиканың ең серпінді дамып келе жатқан бағыттарының біріне айналды. Бүгінде оның жалпы нарықтық құны 7 триллион АҚШ долларынан асып, 2030 жылға қарай 10 триллион долларға жетеді деп болжануда. Бұл көрсеткіш халал индустриясының ауқымы мен оның жаһандық экономикалық жүйедегі орнының қаншалықты маңызды екенін айғақтайды.

Халал индустриясы тек азық-түлік секторымен шектелмей, бүгінде ол фармацевтика, косметика, туризм, қаржы және сән индустриясын да қамтиды. 2023-2024 жылғы Дүниежүзілік Ислам экономикасы есебіне сәйкес, мұсылмандардың халал өмір салтына бағытталған алты негізгі сектордағы шығыны 2022 жылы 2,29 триллион АҚШ долларын құраған. Бұл 2012 жылмен салыстырғанда едәуір өсім, яғни халал нарығы тек мұсылман елдерімен шектелмей, этикалық, сапалы және экологиялық таза өнімге сұранысы жоғары өзге дін өкілдері арасында да кеңінен танылуда. Мысалы, Малайзия, Біріккен Араб Әмірліктері, Сауд Арабиясы және Түркия сияқты елдер халал экономикасының халықаралық орталықтарына айналған. Соңғы жиырма жыл ішінде «халал нарығы» өте жас күйден қарқынды даму үстіндегі динамикалық құбылысқа айналды.

Ғалымдардың зерттеуінше, халал индустриясы туралы ғылыми еңбектер саны да айтарлықтай артқан. ResearchGate базасында жарияланған «A historical review on Halal industry in the world: Challenge and improvement opportunities» атты ғылыми талдау 214 ғылыми жарияланымды қамтып, бұл саладағы зерттеу бағыттарының даму динамикасын көрсеткен. 2009 жылы небәрі үш ғылыми мақала тіркелсе, 2022 жылы олардың саны 42-ге жеткен. Бұл халал экономикасы мен стандарттау тақырыптарына деген ғылыми қызығушылықтың тұрақты өсімін дәлелдейді.

Қазіргі таңда халал өнімдерін тек мұсылмандар ғана емес, әртүрлі дін өкілдері де тұтынуда. Себебі халал стандарттары – өнімнің тазалығына, сапасына және этикалық өндірісіне кепілдік береді. Әсіресе Еуропа мен Азия нарықтарында «halal-



certified» белгісі бар тауарларға сенім жоғары. Сонымен қатар, экологиялық таза және жануарларға гумандық қатынасты ұстанатын өндірістерге сұраныс артып келеді. Бұл – халал стандарттарының жаһандық тұрақты даму мақсаттарымен үйлесетінін көрсетеді.

Индонезия – әлемдегі ең ірі халал азық-түлік тұтынушысы (2022 жылы 149,8 млрд доллар), ал Сауд Арабиясы барлық халал секторларындағы жалпы тұтыну бойынша көш бастап тұр (жылына шамамен 207 млрд доллар). Өндіріс және экспортта мұсылман емес елдердің үлесі жоғары: Бразилия – ОИК елдеріне ең ірі халал ет экспорттаушы, ал Үндістан, АҚШ, Ресей және Австралия да негізгі жеткізушілер қатарында. Франция – халал косметика экспортында жетекші орынға ие. Мұсылман елдерінен Малайзия, Индонезия және БАӘ – халал өндіріс пен сертификаттауда аймақтық көшбасшы. Малайзияның JAKIM агенттігі әлемдік деңгейде мойындалған сертификаттау жүйесін құрса, Индонезия арнайы халал индустриялық аймақтар ашып, бұл саланы ұлттық стратегияға енгізді.

Соңғы деректер бойынша, мұсылмандар әлемдік азық-түлік шығындарының жалпы көлемінің 16.6 пайызын құраған. Ал, 2030 жылға қарай мұсылмандар саны 2.2 миллиардтан асса, халал әлемдік азық-түлік нарығында үстемдік етуді жалғастырады деп күтілуде.

Әлемдік халал нарығының қарқынды өсуіне бірқатар маңызды факторлар әсер етуде. Ең алдымен, мұсылмандар санының артуы мен мұсылман елдеріндегі жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) тұрақты өсімі бұл саланың дамуына серпін берді. Сонымен қатар, халал нарығында жаңа кәсіпкерлердің көбеюі мен мұсылман өмір салтының кеңінен насихатталуы да индустрияның ауқымын кеңейтуге ықпал етуде. Алайда, халал өнімдерін тұтынушылар тек мұсылмандармен шектелмейді, бүгінде түрлі дін, ұлт және мәдениет өкілдері де халал өнімдерге сенім білдіріп, оларды күнделікті өмірде жиі тұтынады. Себебі халал ұғымы тек «малды бауыздау», «ішімдік» немесе «доңыз өнімі» сияқты діни талаптармен шектелмей, әмбебап концепцияға айналды. Осы тұрғыдан алғанда, «халал»

терминін тек діни міндеттеме емес, «сенім» мен «сапаның» синонимі ретінде қарастыруға болады.

Сарапшылардың пікірінше, алдағы жылдары халал индустриясы жаңа даму тенденцияларымен ерекшеленбек. Ауқатты мұсылмандар санының артуы халал туризм, сән және косметика салаларындағы бизнестің өркендеуіне жол ашады. Сонымен қатар, халал өнімдердің сапасы мен табиғилығына сенетін мұсылман емес тұтынушылар қатары да көбейе түседі. Нәтижесінде, жаһандық халал нарығы әлемдік экономиканың перспективалық әрі коммерциялық тұрғыдан бәсекеге қабілетті маңызды секторы ретінде қалыптасады деп күтілуде.

Сонымен бірге, халал индустриясының дамуы тек экономикалық емес, мәдени және этикалық факторлармен де тікелей байланысты. Халал стандарттары – тұтынушының адалдығына, қауіпсіздігіне және сапаға деген сенімін қалыптастыратын негізгі механизм. Сондықтан көптеген елдер халал сертификаттау жүйесін заңнамалық деңгейде енгізіп, ұлттық стандарттау институттары арқылы қадағалауды күшейтіп отыр.

Қазақстан халал индустриясы да аймақтық деңгейде қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі болып саналады. Бүгінде еліміз халал өнімдері мен қызметтерін өндіру және экспорттау бағытында айтарлықтай жетістіктерге жетіп, аймақтық көшбасшылардың қатарына қосылуға әлеуетті мемлекет ретінде танылып отыр. Елде халал өнімдерін сертификаттау және стандарттау жүйесі қалыптасқан. Бұл бағытта Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты «Халал Даму» мекемесі маңызды рөл атқарады. Біздің мекеме Қазақстан аумағында халал стандарттарын енгізу, мониторинг жүргізу және кәсіпорындарды сертификаттау бағытында жүйелі жұмыстар атқарып келеді. Бүгінгі таңда 2000-нан астам кәсіпорын «Халал Даму» тарапынан сертификатталған, олардың шамамен 50 пайызын қоғамдық тамақтану орындары құрайды. Сонымен қатар, ұйым мамандарының қатысуымен халықаралық тәжірибеге негізделген алты ұлттық стандарт әзірленіп, бекітілді. Бұл стандарттар Ислам ынтымақтастығы ұйымы (OIC) және Ислам елдерінің стандарттар және метрология институты (SMIIC) қабылдаған халықаралық талаптарға толық сәйкес келеді.

Қазақстанның халал индустриясы халықаралық деңгейде мойындалуының негізгі факторларының бірі – шетелдік аккредиттеу процестері. Атап айтқанда, 2018, 2022 және 2025 жылдары Малайзияның Исламды дамыту департаменті (JAKIM) тарапынан ресми аккредиттеу алынып, бұл отандық сертификаттау жүйесінің сенімділігі мен халықаралық үйлесімділігін растады. Сонымен қатар, «Халал Даму» мекемесі 2019 жылғы 18 қарашада ҚР аккредиттеу жүйесінде №KZ.H.01.0002 аттестатын иеленді. Бұл құжат ҚР СТ OIC/SMIIC 2-2022 стандартының талаптарына сәйкестігін дәлелдейді. Сондай-ақ, Қазақстанның халал индустриясы тек ішкі нарықта ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде де бәсекеге қабілетті сала ретінде қалыптасуда. «QMDB Halal» таңбасымен шығарылатын отандық өнімдердің елеулі бөлігі шетел нарығына экспортталып, өңірлік экономикалық айналымда өз орнын нығайтуда. Бұл көрсеткіштер Қазақстанның халал индустриясын Орталық Азия кеңістігіндегі стратегиялық маңызы бар экспорттық секторлардың бірі ретінде танытып отыр.

Қорыта айтқанда, халал индустриясы бүгінде әлемдік экономиканың тұрақты әрі этикалық бағытына айналып келеді. Жаһандық трендтерге сәйкес, халал индустриясының болашағы цифрлық технологиялармен, жасанды интеллектпен және блокчейн жүйесімен тығыз байланысты болмақ. Халал өнімдерінің ізін бақылау, жеткізу тізбегін қадағалау және тұтынушыларға ашық ақпарат беру осы технологиялар арқылы жүзеге асады. Мұндай инновациялар индустрияны жаңа деңгейге көтеріп, оның сенімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Оның дамуында ғылыми зерттеулердің, халықаралық ынтымақтастықтың және заманауи технологиялардың рөлі орасан. Болашақта халал индустриясының өркендеуі тек мұсылман қауымының қажеттілігін өтеумен шектелмей, жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген адал, қауіпсіз және сапалы тұтыну мәдениетін қалыптастыруға ықпал етпек.

Айгүл ОРАЛБАЙҚЫЗЫ,
ҚМДБ «Халал Даму» мекемесінің технологи

Айбек АТАШЕВ,
ҚМДБ «Халал Даму» мекемесінің директоры:

ХАЛАЛ СЕРТИФИКАТЫ САПАЛЫ ӘРІ ҚАУІПСІЗ ӨНІМНІҢ БЕЛГІСІНЕ АЙНАЛДЫ



– Әлемдегі халал индустриясының дамуын қалай бағалайсыз?

– Халал индустриясы – 3 млрд-тан астам мұсылманға ғана емес, күллі адамзатқа сапалы өнім ұсынатын қарқынды дамып келе жатқан сала. Қазіргі таңда ол қаржы, туризм, логистика, фармацевтика, азық-түлік сияқты түрлі бағыттарды қамтиды. Халал – тек діни талап емес, «сапалы», «таза», «балғын» деген ұғымдардың баламасы. Соңғы 20 жылда «халал нарығы» әлемдік экономикадағы ең ірі тұтыну нарықтарының біріне айналды. Бүгінде оның құны 2,3 трлн доллардан

асады, жылдық өсімі – шамамен 20 пайыз. Нарықтың 43 пайызын азық-түлік, 23 пайызын медиа мен киім-кешек, 8 пайызын туризм, 7 пайызын фармацевтика, 5 пайызын косметика құрайды. Ең ірі сегмент – мал және құс еті. Халал өнім тұтынушыларының қатарында тек мұсылмандар ғана емес, түрлі ұлт пен дін өкілдері де бар. Себебі халал ерекше сенім мен сапаның белгісіне айналды.

– Ал отандық халал индустриясында ҚМДБ «Халал Даму» мекемесінің рөлі қандай?

– Қазақстанда халал талаптары жүйелі түрде енгізіліп, тұтынушылар арасында сенім қалыптасып келеді. Бұл бағытта Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы «Халал Даму» ұйымы басты рөл атқарады. «Халал Даму» мекемесі – шариғат талаптарына сәйкес халал өнімдерді сертификаттаумен айналысатын маңызды ұйым. Бұл мекеменің құрылуының басты мақсаты – еліміздегі халал индустриясын дамыту, ұлттық нарықты сапалы әрі адал өнімдермен қамтамасыз ету және діни талаптарға сай өндірісті қолдау. Осылайша, «Халал Даму» халал өнімдер саласын дамытуға және сондай өнімдерге деген қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған шараларды жүзеге асырып келеді. Мекеме өз қызметін бастағаннан бері елімізде халал индустриясы жүйеленіп, халал өнімдердің саны айтарлықтай артты.

«QMDB Halal» таңбасы бүгінде халал өнімдердің кепілі әрі сенімділік белгісіне айналды. Бұл таңба – тұтынушыларға өнімнің шариғат талаптарына сәйкес келетінін және оның сапасының жоғары екендігін білдіреді. Халықаралық тәжірибеге негізделген алты халал стандарты («Ауылшаруашылығы құстары мен малдарын сою», «Қоғамдық тамақтандыру қызметтері»,



«Халал өнімдерін өндіруге, сақтауға және тасымалдауға қойылатын жалпы талаптар», «Халал дәрілік заттар мен биологиялық белсенді қоспаларды өндіруге, сақтауға, тасымалдауға және сатуға қойылатын жалпы талаптар», «Халал парфюмерлік, косметикалық өнімдерін өндіруге, сақтауға, тасымалдауға және сатуға қойылатын жалпы талаптар», «Халал туристік қызметтері» әзірленіп, оларды жүзеге асыру барысында 2000-нан астам отандық және шетелдік кәсіпорын «QMDB Halal» сертификатына ие болды. Сонымен бірге былтыр «QMDB Halal» сертификаты бар 10 000 тоннадан астам ет өнімі экспортқа шығарылды. Бұдан бөлек, «Халал Даму» мекемесі еліміздің ірі қалаларында, атап айтқанда, Астана, Алматы, Шымкент, Тараз қалаларында бес мәрте «HALAL EXPO» халықаралық көрмесін ұйымдастырды. Бұл көрмелер халал индустриясының дамуын көрсету және отандық өнімдерді халықаралық нарыққа таныстыру үшін маңызды алаңға айналды.

«Халал Даму» мекемесінің халықаралық аренада да беделі артып келеді. Мекеме Малайзияның Исламды дамыту департаменті (JAKIM) мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік Ұлттық аккредиттеу орталығынан аккредиттеуден өтті. Сонымен қатар, Ислам Ынтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ) негізінде жұмыс істейтін Ислам елдерінің стандарттары мен метрология институты (SMIIC), сондай-ақ Ресей, Татарстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Монғолияның халал стандарттау және сертификаттау мекемелерімен

ынтымақтастық жөніндегі меморандумдарға қол қойылды. Осылайша, «Халал Даму» мекемесі Қазақстанда ғана емес, халықаралық деңгейде де халал өнімдер саласының дамуында маңызды рөл атқарып келеді. Бұл мекеме еліміздің халал индустриясын жаңа белестерге көтеріп, діни талаптарға сай өнімдердің сапасын арттыру арқылы халықтың әл-ауқатын жақсартуға, қазақстандық халал өнімдердің әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болуына ықпал етуде.

– Қазақстандағы халал стандарттар мен халықаралық стандарттар арасындағы айырмашылықтар қандай?

Халал индустриясы – бүгінде тек мұсылмандар үшін емес, бүкіл әлем халқы үшін сенімді, сапалы әрі қауіпсіз өнімнің белгісіне айналды. Әлемдік халал нарығының құны триллион доллармен өлшеніп, жыл сайын қарқынды өсіп келеді. Бұл үдерісте әр елдің стандарттау жүйесінің маңызы зор. Қазақстан да осы бағытта өзіндік ұлттық талаптарын қалыптастырып, халықаралық деңгейге шығуда. Алайда, отандық стандарттар мен халықаралық жүйелер арасында белгілі айырмашылықтар бар.

Халал индустриясында әр елдің стандарттау жүйесі мен сертификаттау талаптары әртүрлі болып келеді. Қазіргі таңда «Халал Даму» ұйымы 6 ұлттық-халал стандарт бекітіп, түрлі кәсіпорындарда қолданылуда. Ал халықаралық деңгейде халал талаптарын үйлестіруші бірнеше беделді институттар бар. Мысалы,



Ислам елдері стандарттау және метрология институты (SMIIC) қырықтан астам мемлекетке ортақ талаптарды бекітсе, Парсы шығанағы елдерінің стандарттау ұйымы (GSO) Сауд Арабиясы, БАӘ, Катар сияқты елдерге арналған ережелерді реттейді. Ал әлемдік аренада ең жоғары беделге ие орган – Малайзиядағы JAKIM, оның сертификаттары көптеген елдерде мойындалған.

–Өнім қаптамасында «QMDB Halal» белгісінің қойылуы қалай бақыланады? Жалған белгілерге қалай тосқауыл қоясыздар?

– Қаптамада «QMDB Halal» белгісінің дұрыс қолданылуы қатаң бақылауда болады. Сертификат алған әр кәсіпорынға белгі тек ресми келісімшарт арқылы беріледі және ол тексерілген өнім түрлеріне ғана қойылады. «Халал Даму» мамандары кәсіпорындарды жоспарлы және жоспардан тыс аудиттен өткізіп, өндірістің әр кезеңін, соның ішінде қаптамаға таңба қою процесін де тұрақты қадағалайды. Жалған белгілердің алдын алу үшін бірнеше шара қолданылады. Біріншіден, «QMDB Halal» таңбасын қолданған кәсіпорындар анықталған жағдайда заңды жауапкершілікке тартылады. Екіншіден, тұтынушылардан келіп түскен шағымдар жедел қаралып, тексеріс жүргізіледі. Үшіншіден, кәсіпорындарға берілген сертификаттар мен куәліктер олардың мерзімі ресми сайтта ашық жарияланып отырады. Бұл кез келген азаматқа өнімнің халал сертификаты мен куәлігін тексеруге мүмкіндік береді. Осылайша, «QMDB Halal» белгісінің қаптамаға дұрыс қойылуы жүйелі бақылауда болып, жалған

белгілерге жол бермеу үшін заңгерлер қадағалайды.

–Халал нарығында қандай жаңа технологиялар немесе зертханалық әдістер енгізілуде?

– Халал нарығында соңғы жылдары бірқатар жаңа технологиялар мен зертханалық әдістер енгізіліп, бұл салада нағыз төңкеріс жасалып отыр. Мысалы, наносенсорлар өндіріс барысында доңыз немесе спирт іздерін нақты уақыт режимінде анықтап, контаминация (араласу) қаупін төмендетеді. Ал блокчейн технологиясы әрбір өнімнің жолын фермадан дүкен сөресіне дейін бақылап, тұтынушыға QR-код арқылы ашық ақпарат ұсынады. Тағам қауіпсіздігін арттыруда ақылды қаптама мен жоғары қысыммен өңдеу әдістері де ерекше рөл атқаруда. Олар өнімнің жарамдылық мерзімін ұзартумен бірге қосымша химиялық заттарсыз дәмі мен құндылығын сақтайды. Бұған қоса, нарықта өсімдік негізіндегі баламалар мен тіпті зертханалық жағдайда өсірілген халал ет пайда болуда. Бұл экологияны қорғау мен денсаулыққа мән беретін тұтынушыларға жаңа мүмкіндік береді.

Әлемдік халал индустриясы қарқынды дамуымен «Халал Даму» да өз қызметінде жаңа технологиялар мен зертханалық әдістерді енгізуде. Қазіргі таңда «Халал Даму» ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты зертханалармен келісімшарт негізінде жұмыс істейді. Аталмыш орталықтың 19 облыстық, оның ішінде Алматы және Астана қалалары бойынша филиалдары бар.

Жалпы алғанда, халал нарығында блокчейн, биосенсорлар, роботтандыру, өсімдік негізіндегі

өнімдер және зертханалық ет сынды жаңа технологиялардың енгізілуі – бұл саланың болашағын айқындайтын басты үрдістердің бірі.

– Өнім құрамындағы қоспаларды тексерудің негізгі жолдары қандай? Қазіргі өндірісте ең жиі кездесетін күмәнді қоспаларды айта кетсеңіз...

– Халал индустриясында өнім құрамындағы қоспаларды (Е-кодтар, ароматизаторлар, эмульгаторлар және т.б.) тексеру – аса маңызды бағыттардың бірі. Бұл жұмыс бірнеше кезең арқылы жүзеге асады. Ең алдымен, құжаттық сараптама жасалады: кәсіпорын ұсынған қоспаларға қатысты сертификаттар, техникалық спецификациялар және шығу тегі туралы анықтамалар зерттеледі. Әрбір Е-кодтың химиялық құрамы мен өндіріс әдісі халықаралық дерекқорлармен салыстырылады. Келесі саты – зертханалық талдау. Сонымен қатар, күмәнді қоспаларды өндіретін зауыттарға барып, сыртқы аудит жүргізу де маңызды қадам болып саналады. Бұл әдіс өндіріс процесінің халал талаптарына сай орындалғанын тексеруге мүмкіндік береді.

Қазіргі өндірісте халал тұрғысынан күмән тудыратын қоспалар жиі кездеседі. Мысалы, Е441 (желатин) – көбінесе шошқадан немесе белгісіз жануардан алынады. Е471 (май қышқылдарының моно және диглицеридтері) өсімдік текті де, жануар текті де болуы мүмкін. Е120 (кармин) қоңыздан жасалады. Е422 (глицерин) жануар майынан алынуы ықтимал. Сондай-ақ, кейбір синтетикалық бояулар (Е151, Е152), алкоголь негізінде дайындалатын ароматизаторлар, сүт қышқылы мен оның тұздары (Е270, Е325–327) да күмәнді санатқа жатады. Мәселе қоспаның атауында емес, оның шығу тегінде жатыр. Өсімдік негізінде алынған қоспа – халал, ал жануар немесе алкоголь негізінде жасалғаны – күмәнді. Сондықтан әрбір қоспа тек құжаттық тұрғыдан емес, зертханалық тұрғыдан да мұқият тексеріледі.

– Бір зауытта халал және халал емес өнім қатар өндіріле ме?

– «Халал Даму» мекемесі бір зауыттың ішінде халал және харам өнімді қатар өндіруге қатаң түрде тыйым салады. Себебі, халал индустриясында ең басты талап – толыққанды халал өнім өндіру. Егер бір өндірістік алаңда халал және харам өнім бір уақытта шығарылса, шикізат пен дайын өнімнің араласып кету қаупі өте жоғары. Бұл халал стандарттарының негізгі принципіне қайшы келеді.

Мысалы, шошқа немесе оның туындысы қолданылатын желілерде кейін халал өнім өндірілсе, өндіріс құрал-жабдығын толық залалсыздандырудың өзі тұтынушының сенімін толық қамтамасыз ете алмайды. Харам және халал өнімдерді бірге сақтау, тасымалдау немесе өңдеу де контаминация (араласу) қаупін тудырады. Сондықтан халықаралық тәжірибеде де, біздің халал стандарты талаптарымызда да мұндай жағдайға жол берілмейді.

– Тағам өндірісінде халал талаптарын қадағалау үшін мамандарға қандай арнайы білім немесе тәжірибе керек?

– Халал стандарты талаптарын қадағалау – жан-жақты білім мен тәжірибені қажет ететін сала. Халал саласында қызмет ететін мамандардан жан-жақты білім мен тәжірибе талап етіледі. Ең алдымен, олар шарият ілімі мен халал стандарттарын жақсы білуі қажет. Бұл дегеніміз – халал мен харам үкімдерін ажырата білу, халықаралық және ұлттық халал сертификаттау талаптарымен таныс болу, сондай-ақ өндіріс барысында осы талаптарды дұрыс қолдана алу. Сонымен қатар, маман тағам өндірісінің технологиялық ерекшеліктерін меңгеруі керек. Ол түрлі өнімдердің (ет, сүт, кондитерлік бұйымдар, сусындар және т.б.) дайындалу процесін түсініп, қосымша заттардың (Е-кодтар, эмульгаторлар, консерванттар, бояғыштар) шығу тегін анықтай алуы тиіс. Тағам химиясы мен биологиясы жөніндегі білім де бұл салада маңызды рөл атқарады.

Халал талаптарын бақылау тағам қауіпсіздігі жүйелерімен тікелей байланысты болғандықтан, мұндай маман HACCP, ISO 22000 сияқты халықаралық стандарттарды білуі шарт. Өндірістегі санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау, кресттік ластанудың (контаминация) алдын алу – олардың негізгі міндеттерінің бірі. Практикалық тәжірибе де аса маңызды. Маман тағам өндірісінде немесе сапа бақылау саласында жұмыс істеп көрген, зауыттағы аудит пен инспекция жүргізе алатын болуы қажет.

Қорытындылай келгенде, халал саласындағы маман – діни білімі терең, тағам технологиясын меңгерген, зертханалық талдаудан хабары бар әрі халықаралық стандарттармен жұмыс істей алатын жан-жақты маман болуы тиіс. Осындай даярлық қана тағам өндірісінде халал талаптарының толық орындалуын қамтамасыз етеді.

Сұхбаттасқан Ермұрат НАЗАРҰЛЫ

БАЛАЛАР ДҰРЫС ТАМАҚТАНЫП ЖҰР МЕ?

Балалардың тәрбиесі қаншалықты маңызды болса, олардың тамақтану әдебі, мәдениеті соншалық қадағалауды талап етеді. Өйткені бүгінгі бүлдіршіндер жылдам дайындалатын тағамдар, яғни, фастфудтар мен снэктерге (жеңіл тісбасар) әуес болып барады. Ал асқазанға түсетін тағам мен сусынның адам баласының тәнінен бөлек, жанына, психикасы, мінез-құлқына да әсер ететінін ескеріп жүрміз бе?

Бүгінгі қоғамда балалардың тамақтану мәдениеті – ата-аналарды да, дәрігерлер мен ұстаздарды да алаңдататын өзекті мәселе. Әсіресе, бала тәрбиесіне бас қатыратын әрбір ата-ана перзентінің дұрыс тамақтануын әрдайым бақылап отырғаны абзал. Күнделікті өмірде кейбір қарапайым көрінетін іс-әрекеттердің өзі бала тәрбиесінде үлкен маңызға ие. Мәселен, асты Алланың атымен бастап ішетін, кейін соңында Жаратқанға шүкір етіп аяқтайтын мұсылмандар тамақтануға қатысты дұғаларды және тамақ ішерден бұрын және кейін қол жууды балаларына үйретіп қойғаны жөн. Хадистерде **«Дұға – мұсылманның қорғаны»** деп айтылғандай, тамақтануды «биссмилламен» бастап, «әлхамдулилламен» аяқтау ішіп-жемнің берекелі, сіңімді, пайдалы болуына оң әсер етері сөзсіз. Ал тамақтануға дейін және кейін қол жуу – тазалық пен саулық кепілі.

Сондай-ақ балаларға тамақ ішу үшін өмір сүрмейтінімізді, керісінше, өмір сүру үшін тамақ ішетінімізді, яғни, ішіп-жеу тек тағамнан бойға қуат алу үшін күнделікті орындалатын іс-әрекет екенін түсіндіру керек. Бұл – баланың тойғанын білмей ішіп-жей беруінің алдын алатын рухани тәрбие. Себебі бала ғой деп асқазаны көтере алмайтындай деңгейде тамақ беру, оны мәжбүрлеу кейін түрлі ауру табуына жол ашуы мүмкін. Мысалы, қазіргі уақытта семіздік дерті балалар арасында да бар екенін байқап жүрміз. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) де үмбетін тойып тамақ ішуден тыйып: **«Адам өз асқазаны секілді ешбір жаман ыдысты толтырған емес. Асқазанды толтыру қажет болса, үштен бірін тамақпен, үштен бірін сумен және үштен бірін ауамен толтырсын»**, – деп өсиет еткен.

Имам Ғазали «Ихия улумид-дин» кітабында жазғандай: «Харам – у (заһар) іспетті, адам баласының

дініне зиян келтіреді. Ал халал – дауа секілді, азы пайдалы, көбі зиян». Яғни, халал, табиғи таза тағамның өзі шектен тыс тұтынылса, ол да адамға зиянды екен. Тойып жемеудің де бір мәнісі осы болса керек. Мұны балаларға да ерте жастан үйрете берген абзал.

Бұдан кейін баланың уақытылы тамақ ішуін қадағалау да маңызды. Өйткені жас шыбық уақытылы суғарылып, күтімі жасалмаса, қурап қалатыны секілді балалардың да ағзасы ерекше күтімді қажет етеді.

«Дұрыс тамақтану – бала өсуінің, дамуының басты құралы. Бала толық 6 айынан бастап әр аптасына сай тағамдармен танысып отырады. Негізгі себеп – осы жерде, егер балада дәм сезу рецепторлары дұрыс қалыптаспаса, өсе келе баланың тамақтануы бір сарынды болып қалады. Қазіргі балалар көбіне ұннан жасалған тағамдарды жейді, әсіресе, күнделікті тағамдарымыз көбіне ұннан дайындалады. Макарон, спагетти, тіпті өзіміздің ұлттық тағам етке де қамыр қосылады. Бұл ұнға қарсы шыққанымыз емес, қазіргі ұн атаулы өкінішке қарай, бұрынғы әжелеріміздің кезіндегі таза бидайды диірментасқа салып, езіп әзірленген ГМО-сыз, зиянды қоспасыз таза ұн емес. Қазіргі ақ ұнның сапасы қанағаттандырмайды. Мөлшерден тыс ұнды тағамдар ішекке зиян, ал жалпы денсаулық кепілі 90 пайызы ішекке байланысты. Балалардың дұрыс дамып өсуі үшін тіпті тілінің дұрыс шығып сөйлеуі үшін бала рационына аса қатты мән беруіміз керек. Ішек жұмысы дұрыс болуы үшін және ағзада паразиттер көбейіп кетпес үшін рационнан бірінші кезекте қанты бар тағамдар, майға қуырылған тағамдар және ұннан жасалған тағамдарды шектеу қажет. Бұл тағамдар ағзадағы паразиттердің өсуіне қолайлы орта жасайды. Баланың ойлау қабілетін тежейтін, дамуына кері әсер беретін тіпті бойының өсуіне зиян беретін бірден бір фактор – осы дұрыс тамақтанбау және соның

салдарынан болатын дефициттер (паразит, анемия, өт толу)», – дейді нутрициолог Гүлперизат Мағауия.

Ана мен бала денсаулығына қатысты тағам түрлерін, витаминдерді зерттеп жүрген маманнан баланың ас мәзірі қандай болуы керек деген сұрағымызға былай жауап берді:

«Баланың ас мәзіріне нақты бір рецепт беруге өз басым қарсымын. Әр бала – жеке тұлға. Әр ана баласының дамуы оның дұрыс тамақтануында екенін түсінсе ғана баланың рационы дұрыс болады. Біз балаларға чипсы, газды сусын, тәттілерді көрсетпесек, оларды алып бермесек, олар іздеп сұрамайды да. Ең бірінші кеңесім, үйдегі барлық тәттілерді тығып қойыңыз. Үстелдің үстінде, шкаф сөрелерінде де жемістер тұруы тиіс. Баланың ұйқыдан тұра сала жейтін тамағы қант қосылмаған ботқа болуы керек. Перзентіміздің ас мәзірі дұрыс қалыптасуы үшін ең әуелі анасы дұрыс тамақтанып, баланың жанында отыруы керек. Чипсы, тәтті жеп үйреніп қалған бала бірден асылған жұмыртқа мен ет жеп кетпейді. Сондықтан дұрыс тамақтануды 6-7 айында бастаймыз. Ал егер одан кеш қалсаңыз, қазірден жоғарыда айтып кеткен ережені қолданыңыз, үйге тәттіні мүлдем әкелмеңіз. Өйткені тәтті жеу арқылы бала тәбетін бұзады.

Күнделікті белок, май нормасына мән беріңіз. Белокқа бай тағамдар жұмыртқа, сиыр еті, тауық еті, бадам жаңғағы, грек жаңғағы, ірімшік, сүзбе. Белок ағзаның басты іргетасы сынды рөл ойнайды. Мысалы, таңғы асқа 2 дана жұмыртқа және сары май беру. Рационға сүйек сорпасын қосу. Сүйек сорпасы арнайы – 19-24 сағат қайнатылатын, өзі арзан өзі маржан нағыз байлық. Барлық минералдарды қамтитын емдік сорпа. Ұннан жасалған тағамдарды сүйсініп жесе, дұрыс, сапалы ұнға көшу керек. Қазір бадам ұны, сұлы ұны, қарақұмық ұндары бар. Ақ ұнға қарағанда пайдалы әрі минералдарға бай. Әр күні пайдалы тағамды шетінен қосып отырыңыз. Аптасына бір рет балық жеп отыру керек, ол – таза омега көзі. Барлық отбасы мүшелері дұрыс әрі пайдалы тағамға көшсе ғана бала да соған әдеттенеді. Себебі, бала – біздің айнамыз, көргенін жасайды».

Қорыта келгенде, болашағамыз саналатын бауыр еті баламыздың дұрыс тамақтануы – оның жаны мен тән саулығының кепілі. Ал оның негізгі ұстазы, бағыт-бағдар берушісі, ата-анасы болғандықтан, ең алдымен үйдің үлкендері дұрыс тамақтануға мән беруі керек.

Ермұрат ШОПАН

«Дұрыс тамақтану – бала өсуінің, дамуының басты құралы. Бала толық 6 айынан бастап әр аптасына сай тағамдармен танысып отырады. Негізгі себеп – осы жерде, егер балада дәм сезу рецепторлары дұрыс қалыптаспаса, өсе келе баланың тамақтануы бір сарынды болып қалады.





ҰМЫТЫЛЫП БАРА ЖАТҚАН 5 ҰЛТТЫҚ ТАҒАМ

Қазақ халқы – ежелден қонақжайлығымен, бай дастарқанымен және тамақ әзірлеудегі өзіндік ерекшеліктерімен танылған ұлт. Қазақтың ұлттық тағамдары тек қана ас емес, бұл – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан мәдени мұра, тұрмыс-тіршіліктің, болмысымыздың бір бөлігі десек те қателесе қоймаймыз. Алайда қазіргі жаһандану мен урбанизация дәуірінде кейбір көне тағам түрлері ұмыт бола бастады. Олардың көпшілігі дастарқанымызға қойылмайтын да болды. Солардың ішінен бес тағамды атап өтуді жөн деп таптық.

Жөргем

Жөргем – малдың ащы ішегі мен тоқ ішегінен өріп жасалады. Мал сойғанда ащы ішек пен тоқ ішегін жуып тазалап, тұздағаннан кейін оны айналдырып тағы бір рет сумен шайқайды. Қазанға салып асуға қолайлы болу үшін ішектерді өреді. Ащы ішек жіңішке, әрі өте ұзын болатындықтан, оны тоқ ішек секілді жалаң қабат өре салмай бірнеше еселеп шумақтайды да, одан соң әлгі шумақтың белінен айналдыра шандып орап, ішектің ұшын бекітеді. Жөргемді асуға да, турап қуыруға да болады. Әдетте жөргемді дәміне келтіру үшін тұз, бұрыш себеді, дөңгелектеп туралған пияз қосады.

Халқымызда «Жүргенге жөргем ілінеді» деген сөз тіркесі бар. Бірақ оның мағынасын тарқатып айтып бере алатын адам аз. Ертеде ел қоныстан көшкенде ағашқа жөргем іліп кетіп отырған. Мұны «жолаушының сыбағасы» деп атайды. Ел көшер алдында арнайы мал сойып, оның ішектерін пісіреді де, жақын маңдағы ағаштарға іліп кетеді. Қарны ашып келе жатқан жолаушы жөргемге кездесе, оны суға қайнатып, жүрек жалғайтын болған.

Қазіргі кезде малдың ішек-қарнын (әсіресе ұсақ малдың) тазалауға ерініп, қоқысқа тастай салатын жаман әдетке бой алдырып жатқанымыз да жасырын емес. Мұндай да жөргем туралы айту-дың өзі артық...



Мипалау

Мипалау – ұлттық тағамдардың ішіндегі дәмді де, сүйкімді ас. Жылдам дайындалады. Оны жасау үшін піскен бастың миын, желке-шүйдесін, екі көзін, бастың құйқасын алып, ұсақтап турайды, үстіне шамалап сорпа құйып барлығын араластырады. Сондай-ақ мипалау дәмді болуы үшін оған бұрыш, ұсақтап туралған пияз қосып, тұзды татымына қарай салады. Ертеректе құрмет көрсетудің ерекше белгісі ретінде арнайы әзірленіп, дастарқанға тартатын болған.

Қазіргі кезде бұл тағам да ұмытыла бастады. Кейбір отбасыларда ғана үлкендер жағы басты мүжіп болғасын дастарқан басында бірден дайындап береді. Бүгінде қала қазағы, әсіресе, жастар миды тамақ ретінде тұтынудан тартыншақтап тұрады. Алайда, оларға дайындап көрсете берсек, біртіндеп жей бастайды деген ойдамын. Сондай-ақ мипалаудың ағзаға пайдалы, нәрлі тағам екенін түсіндірсек, тұтына бастайтыны анық.

Мипалауға жамбастың етек майын ұсақтап турап қосуға да болады. Сонымен бірге кей өңірлерде сарымсағы бар тұздық құйылады. Ми, май мен тұздық жақсылап араластырылып, қонаққа ұсынылады.

Быламық

Бұрындары быламықты жаңа босанған келіндерге арнап пісірген. Ол жас ананың иммунитетін көтеріп, гемоглабинін қалпына келтіреді, тістерін бекітеді. Оны ішкен сәби тоқ болады, іші де ауыра бермейді.

Халқымызда «Жүргенге жөргем ілінеді» деген сөз тіркесі бар. Бірақ оның мағынасын тарқатып айтып бере алатын адам аз. Ертеде ел қоныстан көшкенде ағашқа жөргем іліп кетіп отырған. Мұны «жолаушының сыбағасы» деп атайды.

Быламықтың пайдасы

Быламық – асқазанға жеңіл, бірақ өте қоректік тағам. Оның құрамындағы ингредиенттер денсаулыққа пайдалы қасиеттерімен танымал. Мысалы: ұн – көмірсулардың көзі, ол денеге қуат береді. Сүт – кальций мен ақуызға өте бай, сүйектерді қатайтады және иммунитетті нығайтады. Сары май – тағамға дәм береді және А дәруменімен байытылған.

Бұл тағам әсіресе балалар мен қарт адамдар үшін пайдалы. Өйткені олардың ас қорыту жүйесіне түсетін жүктемені азайтады. Тары, бидай жас босанған ағзаның тез қалпына келуіне көмектеседі, гемооглабинді көбейтеді. Бұл тағамда кальций өте көп. Быламық ішкен жас ана тез қалпына келген. Бүгінде көпшілік быламық жасауды біле бермегендіктен, оның дайындалу әдісін оқырманмандарға бөлісуді жөн деп таптық.

Быламық қалай жасалады?

1 Ұнды қуыру. Ең алдымен, қазан немесе табаны қыздырып, оған ұн салыңыз.

Ұнды орташа отта сарғайғанша қуыру керек. Бұл быламыққа ерекше хош иіс пен дәм береді. Қуыру кезінде ұнның күйіп кетпеуі үшін оны үнемі араластырып тұру маңызды.

2 Сұйықтық қосу. Ұн толық қуырылғаннан кейін, оған біртіндеп жылы су немесе сүт құйылады. Сұйықтықты бірден емес, аз-аздап құю керек. Қоспаны тез-тез араластыру, ұнның біркелкі еруін қамтамасыз етеді. Егер араластыру тоқтатылса, түйіршіктер пайда болуы мүмкін.





Ас жалпы 1,5-2 сағатта дайын болады. Буы басылып, суыған қарынды тіліп, ыдысқа салады.

Еліміздің оңтүстік өңірлерінде малдың ішкі ағзаларын еттартқыштан өткізіп, аздап күріш қосып, баяу отқа пісіреді. Қарын бөртпеге өте ұқсас бұл тағам әсіп деп аталады.

Ұлпершек

Бұл тағам – ірі қара малдың жылқының немесе сиырдың жүрегінен дайындалады, алдын ала бір ай бұрын ұнға қақтап сақтап қояды. Оны теңін тауып, ұзатылып кеткен қызына арнап қыздың ата-анасы арнайы дайындайтын болған. Тағамды алған қыз қайда жүрсе де, әке-шешесінің жүрегінде мәңгі сақталатынын бірден түсінген. Ұлпершекті ата-анасы қызына

әлдекімнен «Сен біздің жүрегіміздесің» деген сарындағы сәлемдеме ретінде беріп жіберіп отырған. Бұл тағам ірі қара сойылған кезде дайындалады. Жүрек кітап сияқты ашылатындай етіп жолақтарға кесіліп, қаннан тазартылып, дәміне қарай тұз бен бұрыш қосылады. Ет пен май жұқалап тілімдеп кесіледі де, жүрекке нығыздалып салынады. Содан кейін ұны бар дорбашаға салынып, салқын жерде бір айға жуық уақыт сақталады. Мерзімі келгенде, ол толығымен фольгада немесе пісіру қапшығында дайындалады. Бұл тағам дәрумендерге (B2, B12), макро және микроэлементтерге бай өте дәмді және жұмсақ болып келеді.

Кеулімжай ҚҰТТЫ

3 Тұз және май қосу. Сұйықтық толық қосылғаннан кейін, қоспаға тұз және дәміне қарай сары май салынады. Бұл быламықты жұмсақ әрі хош иісті етеді. Қоспаны тағы бірнеше минут баяу отта пісіріп, дайын күйге жеткізеді.

4 Дайын болған быламықты суыту. Быламық дайын болған соң, оны 5-10 минутқа жауып қойып, демалдыру керек. Бұл тағамның дәмі мен консистенциясын жақсартады. Демалған быламықты ыдысқа салып, дастарқанға ұсынуға болады.

Қарын бөртпе (бұжы)

Қарын бөртпе – қазақтың ұлттық тағамдарының бірі. Ертеректе екі үйдің бірі әзірлеген бұл ас кейінгі кезеңдерде ұмытылып барады. Қарын бөртпе – жаңа сойылған малдың етінен жасалатын тағам. Қойдың етін, бауыры мен майын ұсақтап турайды. Ұн мен көкөніс немесе күріш қосуға да болады. Астың дәмін келтіру үшін тұз бен бұрыш қосады. Әзір болған қоспаны аса толтырмай қарынға немесе бүйенге салады. Бір шетін түйіп, ағаш істікпен түйрейді немесе тігіп қояды да, суға салып пісіреді. Маздаған оттағы қарынды оқтын-оқтын аударып тұру керек. Бір сағаттан кейін оны шанышқымен піскілеп, ыстық буын шығару керек, әйтпесе қарын жарылып кетуі мүмкін.



ХАЛАЛ СТАНДАРТТАУДЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ



Соңғы жылдары халал индустриясы әлемдік деңгейде ерекше қарқынмен дамып келеді. Бүгінде халал өнімдері мен қызметтері тек мұсылман елдерінде ғана емес, жаһандық нарықтың маңызды экономикалық сегментіне айналды. Сарапшылардың бағалауынша, халал нарығының көлемі триллион доллардан асып, жыл сайын тұрақты өсім көрсетуде. Бұл үрдіс Қазақстан экономикасына да өз ықпалын тигізіп, халал стандарттау мен заңнамалық реттеу жүйесін жетілдіру қажеттілігін тудырды.



Елімізде халал өнімдерге деген сұраныстың артуы ұлттық стандарттарды енгізу мен заңнамалық негіздерді жетілдіруді талап етті. Халал өнімнің басты ерекшелігі – оның шариғат талаптарына, санитарлық-гигиеналық және сапа стандарттарына толық сәйкес болуы. Құран Кәрімде Алла Тағала былай дейді: «**Уа, адамдар!**

(«Бақара» сүресі, 168-аят). Бұл аят халал ұғымының адам өміріндегі маңыздылығын айқындайды. Халал – тек рұқсат етілген тағам ғана емес, рухани тазалық пен адалдық қағидатын қамтитын тұтас өмір салты. Осы тұрғыдан алғанда, халал стандарттау жүйесі – тұтынушы сенімін қорғаудың, қоғамдық сенімділікті арттырудың



маңызды тетігі. Бұл тақырыптың өзектілігі – халал индустриясы қазіргі таңда тек діни талаптарды орындау саласы емес, сонымен қатар экономикалық қауіпсіздік, экспорттық әлеует және рухани тұтыну мәдениетін қалыптастырудың негізгі факторы болып отыр. Исламда халал мен харам ұғымдары адам өмірінің барлық саласына қатысты. Халал ұғымының түпкі мәні тазалық, адалдық және қауіпсіздік принциптерін қамтиды. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: **«Халал – айқын, харам – айқын. Ал олардың арасында күмәнді нәрселер бар, оны көп адамдар білмейді. Кім күмәнді нәрседен сақтанса, дінін де, ар-намысын да қорғайды»**

(Бұхари, Мұслим) – деп айтқан. Бұл хадис қазіргі халал стандарттаудың негізгі қағидаларының бірі болып саналады. Себебі халал өндірісі күмәнсіз, таза және шариғат талаптарына сай болуға тиіс. Құранның тағы бір аятында: **«Алла сендерге тек өлексені, қанды, доңыз етін және Алладан басқаның атымен сойылғанды харам етті»** («Бақара» сүресі, 173-аят) – деп бұйырылған. Міне, осы аяттар мен хадистер қазіргі халал стандарттау жүйесінің шариғи негізін айқындайды.

Халал индустриясы – тек діни қажеттілік емес, экономикалық тұрғыдан да маңызды сала. Ол ауыл шаруашылығын, тамақ өнеркәсібін, туризм мен фармацевтиканы дамыта отырып, экспорттық әлеуетті арттырады. Сонымен қатар халал ұғымы қоғамдағы адалдық, жауапкершілік және әділдік құндылықтарын нығайтады. Бұл – Ислам дінінің адам өмірінің барлық саласына бағыт беретін рухани негіздерінің бірі. Халал индустриясы бүгінде әлемдік экономиканың маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Аймақтық деңгейде халал стандарттары Ислам елдері стандарттары және метрология институты (SMIIC) арқылы реттеледі. Мысалы, «OIC/SMIIC 1:2011 – халал тағамға қатысты жалпы ережелер», «OIC/SMIIC 2:2011 – халал сертификаттау органдарына арналған нұсқаулық», «OIC/SMIIC 3:2011 – аккредитация органдарына арналған талаптар». Сонымен қатар Еуразиялық экономикалық одақта ЕС Halal-01:2012 стандарты қолданылады, ал Парсы шығанағы елдерінде «GSO 2055 сериялы стандарттар» енгізілген. Малайзия, Индонезия және Біріккен Араб Әмірліктері сияқты елдерде халал стандарттау жүйесі мемлекеттік бақылауда болып, экспорттық әлеуеттің негізгі бөлігіне айналған.

Бұл мемлекеттер халал өндірісін экономиканың стратегиялық саласы ретінде қарастырады және оны халықаралық саудада сапа мен сенімділіктің көрсеткіші ретінде пайдаланады. Осылайша, халал индустриясы бүгінде тек діни талаптарды орындау тетігі ғана емес, жаһандық экономикалық тұрақтылық пен мәдени ықпалдастықтың маңызды факторы болып отыр.

Қазақстанда халал индустриясының даму үрдісі 2000-жылдардан бастап қолға алынды. 2014 жылы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанынан «Халал Даму» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылып, саланың жүйелі дамуына серпін берді. Біздің ұйымның негізгі мақсаты – ел аумағындағы халал

өнімдер мен қызметтердің шариғат талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету. «Халал Даму» қызмет бағыттары бірнеше негізгі саланы қамтиды: халал сертификаттау және аудит жүргізу, өндіріс нысандарын тексеру және мониторинг жасау, ағартушылық және түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен тәжірибе алмасу. Бүгінде ұйымның қызметі халықаралық OIC/SMIIC стандарттарына сай жүзеге асырылады. «Халал Даму» берген сертификаттар Түркия, Малайзия, Индонезия, БАӘ сияқты елдерде мойындалуда. Ұйым сондай-ақ оқыту курстарын, маман

даярлау бағдарламаларын және ақпараттық жүйелерді дамытуда. Халал стандарттарының сақталуын қадағалайтын инспектор-аудиторлар арнайы діни және техникалық дайындықтан өтеді. «Халал Даму» адалдық пен ашықтық қағидаттарын басшылыққа алып, әрбір өндіріс орнын шариғат талаптарына сай сараптап, тұтынушылардың сенімін арттыруда.

Қазақстанда халал талаптарын сақтау ең алдымен «Техникалық реттеу туралы» заң аясында жүзеге асырылады. Соған сәйкес ұлттық стандарттар қабылданып, жүйелі қолданылуда. 2020 жылдың 1 шілдесінен бастап елімізде халал саласына қатысты бес ұлттық стандарт күшіне енді:

1. СТ РК 3483-2019 «Халал өнімдері. Негізгі ережелер»;
2. СТ РК 3453-2019 «Халал өнімдері. Ауыл шаруашылығына арналған жануарлар мен құстарды сою ұйымдары»;
3. СТ РК 3485-2019 «Халал өнімдері. Сәйкестікті растауды жүргізу тәртібі»;
4. СТ РК 3484-2019 «Халал өнімдерінің ұлттық

Халал – тек рұқсат етілген тағам ғана емес, рухани тазалық пен адалдық қағидатын қамтитын тұтас өмір салты. Осы тұрғыдан алғанда, халал стандарттау жүйесі – тұтынушы сенімін қорғаудың, қоғамдық сенімділікті арттырудың және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды тетігі..

сәйкестік белгісі. Техникалық талаптар және таңбалау тәртібі»;

5. СТ РК 3454-2019 «Халал қоғамдық тамақтандыру қызметі. Жалпы талаптар». Бұл стандарттар шикізаттан бастап дайын өнімге дейінгі бүкіл өндірістік тізбекті қамтиды және халал талаптарының бірізді сақталуын қамтамасыз етеді.

Халал стандарттау жүйесі тек техникалық талап емес, қоғамның рухани және мәдени тұрақтылығын қалыптастыратын маңызды фактор. Халал өндірісі мен сертификаттау жүйесі тұтынушының сенімін арттырып, адалдық мәдениетін қоғам өміріне енгізуде. Құранда: **«Әй, пайғамбарлар! Таза (халал) нәрселерден жеңдер және ізгі амал істедер. Расында, Мен не істейтіндеріңді білемін»** («Муминун» сүресі, 51-аят) – делінген. Бұл аят халалдың мәнін тек тағаммен шектемей, өмірдің әр саласында адалдықты ұстанудың маңыздылығын көрсетеді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: **«Адам баласының адал тапқан табысынан жақсы ризық жоқ. Әр пайғамбар өз қолымен еңбек еткен»** (Бұхари) – делінген. Бұл хадис халал еңбектің және адал кәсіптің маңызын айқындайды.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы халал стандарттау жүйесі мен заңнамалық негіздері Ислам шариғатының талаптарын, ұлттық құндылықтар мен халықаралық тәжірибені ұштастыра отырып, ерекше даму кезеңіне аяқ басты. Халал индустриясы бүгінде тек

діни талаптарды орындау тетігі емес, қоғамның мәдени және экономикалық өркендеуінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Ұлттық деңгейде қабылданған стандарттар мен «Халал Даму» мекемесінің жүйелі жұмысы нәтижесінде елімізде халал өнімдер мен қызмет көрсету саласы айтарлықтай дамыды. Халал сертификаты бар кәсіпорындар саны жыл сайын артып, отандық өндірушілердің халықаралық нарыққа шығу мүмкіндігі кеңейді. Бұл – мемлекет пен діннің өзара қолдау көрсетуі арқылы қалыптасқан оң нәтижелердің көрінісі. Сонымен қатар, халал стандарттау жүйесі тек экономикалық пайда әкеліп қана қоймай, рухани және моральдық құндылықтарды сақтау мәдениетін қалыптастыруда. Халал – адамның иманын, ниетін, кәсібін және тұтыну әдебін реттейтін тұтас жүйе. Халал тағам жеу, адал еңбек ету және таза өнім өндіру – исламдағы ең жоғары этикалық қағидалардың бірі. Мемлекет пен діни ұйымдардың өзара ынтымақтастығы, бизнес субъектілерінің жауапкершілігі мен халықтың саналы тұтыну мәдениеті халал саласының одан әрі өркендеуіне жол ашады. Болашақта Қазақстанның халал стандарттау тәжірибесі Орталық Азия аймағы үшін үлгі болары сөзсіз.

Ардақ ЖҰБАНЫШЕВА,

ҚМДБ «Халал Даму» мекемесінің технологы





АДАЛ АС – АМАНДЫҚТЫҢ БАСТАУЫ

Халал тағам – мұсылман өмірінің өзегі. Ол адамның тәнін де, жанын да ластанудан сақтайды. «Халал» сөзі араб тілінде «рұқсат етілген, заңды» деген мағынаны білдіреді. Ол – тек тағамға ғана емес, бүкіл өмір салтына қатысты түсінік.

Халал адал еңбек, таза табыс, әділ сауда, сенімді серіктестік дегенді білдіреді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Адал нәрсе айқын, арам нәрсе де айқын. Ал екеуінің арасында күмәнді нәрселер бар. Кім күмәннен сақтанса, дінін де, абыройын да қорғайды»**, – деп айтқан (Бұхари, Мұслим). Бұл хадис халалдың шекарасын айқындайды: әр мұсылман күмәнді тағамнан аулақ болуы керек. Себебі, харам ас рухани әлсіздік пен иманның әлсіреуіне әкеледі. Осы себепті халал тағам ұғымы тек діни ұстаным емес, сапаны, тазалықты және тұтынушы сенімін қамтамасыз ететін жүйе ретінде қалыптасты. Яғни, халал принциптері тек рұқсат етілген өнімді анықтап қана қоймай, оны өндіруден бастап тұтынуға

дейінгі әр кезеңнің қауіпсіздігін бақылауға бағытталған. Халал тағамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – күрделі әрі көпсатылы процесс. Бұл жүйе «шикізаттан бастап тұтынушыға дейінгі процес» қағидасымен жұмыс істейді.

1. Шикізат кезеңі

Алдымен өнімнің шығу көзі мен шикізаты тексеріледі. Мысалы, ет өнімдері үшін малдың сойылу тәсілі, жемнің құрамы, судың тазалығы – бәрі ескеріледі. Мал Ислам шариғаты бойынша «Бисмилләһи Аллаһу Акбар» деп сойылуы керек.

2. Өндіріс кезеңі

Бұл кезеңде мәселен, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты «Халал Даму» стандарттау және

сертификаттау мекемесінің мамандары өндіріс орнын тексеріп, жабдықтардың харам өніммен жанаспауын бақылайды. Сондай-ақ, өндіріс желісінің санитарлық тазалығы, қызметкерлердің гигиенасы, құрал-жабдықтардың арнайы тазартылуы да тексеріледі.

3. Сақтау және тасымалдау

Өнім халал емес тағамдармен бірге тасымалданбауы тиіс. Қоймада немесе көлік ішінде айқын контаминация (яғни, жанасу арқылы ластану) болмауы қажет.

4. Сату және тұтыну кезеңі

Дүкендер мен асханаларда да халал бақылауы жүргізіледі. Халал өнім сататын орындарда спиртті ішімдік сатылмауы, шошқа етімен қатар сақталмауы тиіс.

Қазақстанда халал индустриясы қарқынды дамуда. Қазіргі таңда республика бойынша 6 халал сертификаттаушы ұйым бар. Соның бірі – Қазақстан мұсылмандар діни басқармасына қарасты «Халал Даму» мекемесі. 2014 жылдан бері бұл ұйым еліміз бойынша 2000-нан астам кәсіпорынды тексеріп, халал сертификат пен куәлік беріп келеді. «Халал Даму» жұмысы халықаралық стандарттарға, яғни SMIC (Ислам елдері стандарт және метрология институты) талаптарына негізделген.

Ұйым сарапшылары тек құжатты ғана емес, нақты өндіріс орнын аралап, микробиологиялық сынамалар алып, зертханалық талдау жасайды. Жүйелі бақылау нәтижесінде тұтынушы халал өнімге сенім арта алады. Себебі, сертификат тексерусіз берілмейді және жыл сайын инспекциялық тексеру қайта жүргізіледі. Егер кәсіпорын талапты бұзса, сертификат уақытша тоқтатылады немесе жойылады. Мұндай мұқият бақылау мен адалдық қағидаларының сақталуы – Исламның рухани талаптарымен де үндес. Өйткені халал – тек өндіріс жүйесі емес, мұсылманның жүріс-тұрыс мәдениеті мен рухани тазалығының көрінісі. Бұл туралы әйгілі ғұлама имам Ғазали: «Адамның жеген асы оның бойына, ал бойындағы нәр оның рухына әсер етеді», – деген.

Шындығында да, харам немесе күмәнді тағам адамның мінез-құлқына, ой-толғанысына, тіпті дұғасының қабыл болуына да әсер етеді. Ғибратты оқиғада бір кісі Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Менің дұғам неге қабыл болмайды?» – деп сұрағанда, Алла елшісі былай деп жауап берген: «**Өйткені сенің асың харамнан,**

киімің харамнан, асың харамнан келген. Хараммен қоректенген адамның дұғасы қалай қабыл болсын?» (Мұслим).

Алайда рухани тазалық пен адалдықты сақтау тек жеке адам деңгейінде емес, қоғамдық және экономикалық жауапкершілік тұрғысынан да маңызды. Бүгінгі таңда кей кәсіпкерлер халал таңбасын тек маркетингтік құрал ретінде пайдаланып, адалдық ұғымының мәнін бұрмалап жібереді. Бұл – өте қауіпті құбылыс. Себебі жалған халал белгісі тұтынушыны адастырып қана қоймай, бүкіл салаға деген сенімді төмендетеді. Мұндай жағдайда халал ұғымы өзінің рухани салмағынан айырылып, жай ғана коммерциялық

брендке айналып кету қаупі бар. Осыны болдырмау мақсатында ҚМДБ «Халал Даму» мекемесі жүйелі түрде рейдтік тексерулер, зертханалық сараптамалар және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Мекеме мамандары кәсіпорындарды алдын ала ескертусіз тексеріп, өнім құрамына зертханалық талдау жасайды. Сонымен қатар, тұтынушылар арасында халалдың шынайы мәнін түсіндіретін насихаттық бағдарламалар мен оқыту семинарларын өткізеді. Сонымен қатар, мекеме шетелдік

серіктестіктермен тәжірибе алмасып, халықаралық халал форумдарына қатысады. Бұл – Қазақстан халал индустриясын әлемдік деңгейге көтерудің маңызды қадамы.

Ойымызды қорытындылай келе, халал тағам – тек рұқсат етілген тағам ғана емес, ол – тазалық пен сенімнің жүйесі. Халал қағидасы денсаулықты сақтайды, рухты тазартады және қоғамда әділдік пен сенім қалыптастырады. Құранда Алла Тағала былай дейді:

«Алла таза, Ол тек тазалықты жақсы көреді».

Сондықтан халал өндіріс пен сауда саласында адалдық сақталған жерде ғана береке болады. Халал индустриясы – ұлт денсаулығы мен рухани қауіпсіздігінің кепілі. Ал осы жолда «Халал Даму» мекемесінің еңбегі елдің сенімін нығайтып, отандық өнімнің беделін арттырып келеді. Халал, бұл жай белгі емес. Ол – сенім, жауапкершілік және жүректегі иман көрінісі.

Мейіржан ТІЛЕКТЕС,
ҚМДБ «Халал Даму» мекемесінің технологы



ХАЛАЛ СЕРТИФИКАТЫ ЖОҚ ӨНІМДІ ТҰТЫНУҒА БОЛА МА?

Ислам діні таза әрі адал нәрселерді тұтынуға шақырады әрі харам нәрселерден аулақ болуды бұйырады. Алла Тағала Құран Кәрімде: «Уа, адамдар! Жер бетіндегі адал әрі таза нәрселерден (ризықтардан) жеңдер де, шайтанның қадамдарына (ізіне) ермеңдер! Ақиқатында, ол – сендерге анық дұшпан!», – деді («Бақара» сүресі, 168-аят).

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Хараммен тамақтанған дененің отта жануы лайықтырақ болады»,* – деген (имам Термизи, №614). Бұл аят пен хадистен тағам мен өнімнің адал болуы аса маңызды екенін түсінеміз.

Халал сертификаты – өнімнің немесе қызметтің ислам талаптарына сай дайындалғанын растайтын ресми құжат. Ол тұтынушыға өнім құрамында харам заттар жоқ екенін және өндіріс процесі шариғат нормаларына сай өткенін көрсетеді. Қазіргі заманда, әсіресе фабрикалық өндіріс пен көп сатылы саудада, осындай сертификаттың маңызы зор.

Дегенмен, халал сертификаты жоқ өнім міндетті түрде харам деген сөз емес. Егер өнімнің құрамын мұқият қарап, онда шариғатқа қарсы ешбір зат жоқтығына сенімді болсаңыз, оны тұтынуға болады. Яғни, сертификатсыз болғанымен, өнімнің тазалығы мен адалдығына көз жеткізу маңызды.

Ал егер өнімнің құрамына қатысты күмән туындаса немесе оған қатысты ақпарат болмаса, онда мұсылман

адам сақтық танытып, күмәнді нәрселерден аулақ болғаны жөн.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тағы бір хадисте былай дейді: *«Ақиқатында, халал (нәрселер) белгілі және харам (нәрселер) белгілі. Алайда, осы екеуінің ортасында адамдардың көбі не адал, не арам екенін жете біле бермейтін күмәнді нәрселер бар. Ендеше, кімде-кім осындай күмәнді нәрселерден бойын аулақ ұстаса, діні мен ар-намысын кірлетпей сақтап қалады. Ал, күмәнді нәрселердің шырмауынан шыға алмаған адам бейне бір қорықтың маңында мал бағып жүрген бақташыға ұқсайды. Бақташының малы сәл қалса қорыққа кіріп кететіні секілді, ол да харамға қалай кіріп кеткенін байқамай қалады..»* (имам Бұхари, №52). Бұл хадис бізге күмәнді жағдайларда сақтық танытуды бұйырады.

Қорыта айтқанда, исламның негізгі қағидаларының бірі – тағам мен өнімнің тазалығы мен адалдығы. Халал сертификаты – осы талаптың орындалғанын дәлелдейтін маңызды құжат. Алайда, сертификаттың болмауы өнімнің харам екенін білдірмейді. Егер өнімнің құрамын және оның дайындалу әдісін біліп, шариғи талаптарға сай екеніне сенімді болсаңыз, оны тұтынуға болады. Ал егер күмән туындаса, сақтық танытып, харамнан аулақ болу керек.

Алла Тағала баршамыздың ризығымызды адалынан беріп, арам, күмәнді атаулыдан алыс еткей!



ИСЛАМДЫҚ ДЕПОЗИТКЕ АҚША ЖИНАУҒА БОЛА МА?

Исламдық депозит – серіктестікке негізделген инвестициялық құрал. Бұл жүйеде клиент пен банк өзара сенім мен жауапкершілік қағидаттарына сүйене отырып әрекет етеді. Банк клиенттің қаражатын белгілі бір мерзімге қабылдап, оны тек шариғатқа сай келетін нақты жобалар мен активтерге инвестициялайды.

Жоба табыс әкелсе, кіріс екі тарап арасында алдын ала келісілген үлес бойынша бөлінеді. Ал егер жоба сәтсіз болса, банк сыйақысыз қалады, ал клиент өз салымынан айырылуы мүмкін.

Егер залал банктің кәсіби жауапсыздығынан туындаса, толық жауапкершілік банкке жүктеледі.

Исламдық депозиттің негізгі түрлері:

Мудароба. Бұл үлгіде клиент – инвестор, ал банк – басқарушы. Клиент қаражатын банкке белгілі мерзімге сеніп тапсырады. Ал банк бұл қаражатты шариғат талаптарына сай жобаларға салып, түскен пайданы өзара келісім бойынша үлестік қатынаста екі тарап бөліседі. Жоба сәтсіз болса, клиент салымынан айырылады, банк сыйақысыз қалады.

Уәкала. Бұл модельде банк – клиенттің атынан әрекет ететін агент (өкіл). Банк нақты бір комиссия алады, ал барлық табыс – клиенттің еншісінде. Бұл үлгіде банк инвестициялық пайдадан үлес алмайды.

Исламдық депозиттің артықшылықтары мен ерекшеліктеріне тоқталар болсақ, біріншіден, депозит түрлері Ислам этикасы мен нормаларына сай жасалған. Екіншіден, клиент банкпен серіктес ретінде жұмыс істейді, тәуекелді де бірге көтереді. Үшіншіден, табыс нақты жобалардың нәтижесіне байланысты болғандықтан, кейде дәстүрлі депозиттерден артық табыс әкелуі мүмкін. Сондай-ақ, барлық операциялар арнайы дін мамандарының қадағалауында болады.

Қорыта айтқанда, исламдық депозит – табыс пен тәуекелді әділ бөлісетін, шариғат талаптарына сай инвестициялық құрал. Ол адамның қаражатын адал жолмен сақтап, көбейтуге мүмкіндік береді. Бұл жүйе шариғат талаптарына сай қаржылық тыныштық іздегендер үшін тамаша шешім бола алады.

Дайындаған Медет ҚҰРМАШҰЛЫ

«ИМАН» ЖУРНАЛЫ МЕН «МҰНАРА» ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛЫҢЫЗ



ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

Индекс: 75998	Қала бойынша	Аудан-ауыл бойынша
Қазпошта 6 айға	3 347,16 теңге	3 347,16 теңге
Қазпошта 12 айға	6 694,32 теңге	6 694,32 теңге
Мешіттер арқылы жазылу	6 000 теңге	6 000 теңге



ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

Индекс: 64747	Қала бойынша	Аудан-ауыл бойынша
Қазпошта 12 айға	4 781,04 теңге	4 781,04 теңге
Мешіттер арқылы жазылу	3 700 теңге	3 700 теңге

«ИМАН» ЖУРНАЛЫ МЕН «МҰНАРА» (MUNARA) ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОШТА» АҚ-НЫҢ БАРЛЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ, СОНДАЙ-АҚ ҚМДБ-ҒА ҚАРАСТЫ БАРЛЫҚ МЕШІТТЕР АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ. ЖУРНАЛ АЙЫНА 1 РЕТ, ГАЗЕТ 2 РЕТ ШЫҒАДЫ.



IMAN

ДИНИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ
Қазақстан мұсылмандары
діни басқармасының
ресми журналы

Меншік иесі:
«Иман-сенім» ЖШС

Редакция алқасы:

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ (төраға)
Кенжетай ДҮЙСЕНБАЙ
Сансызбай ҚҰРБАНҰЛЫ
Ермек МҰҚАТАЙ
Ғылымбек МӘЖИЕВ
Мұхаммед-Хусейн АЛСАБЕКОВ
Ершат ОҢҒАР
Батыржан МАНСҰРОВ
Смайыл СЕЙІТБЕКОВ
Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ
Хасан АМАНҚҰЛ
Нұрбек ЕСМАҒАНБЕТ
Жәнділлә БЕКЖІПТОВ
Естай ӘБДІҒАЛИ
Жолдас БЕРДІМҰРАТОВ
Керімбек ДӘУІТОВ
Бейбіт ЖАНСАРИН
Ерболат ЖҮСІПОВ
Асқар ЗӘКІРЖАНҰЛЫ
Әнуар ЕЛЖАНОВ
Бақдәулет НҰРМАТҰЛЫ
Асқар МҰҚАНОВ
Мадияр ПІРІМҚҰЛОВ
Хамзат ҚАЖЫМҰРАТҰЛЫ
Самат ҚАНАТҚАЛИҰЛЫ
Дастан ҚҰРМАНБАЕВ
Болатбек ҰЛАСҚАНҰЛЫ
Төлеби ОСПАН
Амантай САДИЕВ
Думан НӘДІРҰЛЫ
Қуаныш СӘБИТ
Ержан ТӨЛЕПОВ
Бектұрсын УАЛИЕВ

Діни сарапшы

Рәтбек қажы НЫСАНБАЙҰЛЫ

Директор-бас редактор

Кеулімжай ҚҰТТЫ

Жауапты хатшы

Ермұрат НАЗАРҰЛЫ

Шариғи редактор

Медет ҚҰРМАШҰЛЫ

Техникалық редактор

Асқар БАЙҚОҢЫРҰЛЫ

Редакцияның мекенжайы:

Астана қаласы, Мәңгілік ел, 65
«Иман» журналының редакциясы

Пошта: iman@muftiyat.kz

Телефон: +7 (7172) 999866

Жазылу индексі: 75998

Журнал айына 1 рет шығады

Мәдениет және ақпарат
министрлігінде тіркеліп,
№3176 ж. куәлігі берілген

«Иман» журналы редакциясының
компьютерлік орталығында беттелді.

Таралымы – 14 200

Тапсырыс: №256

«Жедел басу» баспаханасы,
Алматы қаласы, Ырысты көшесі, 46/2а

Журналда жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Басылымда Алла Тағаланың есімі
мен Құран аяттары жазылғандықтан,
журналды аяқасты етпеулеріңізді
сұраймыз.